

# ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2023



**SAMRUK-KAZYNA  
ONDEU**

**ХИМИЯНЫ ДАМЫТАМЫЗ -  
БОЛАШАҚТЫ ҚҰРАМЫЗ!**

Орт Виктор Владимирович,  
«ХИМ-плюс» ЖШС формуляциялық глифосат  
ендіру цехының операторы

# ЕСЕПТІҢ МАҚСАТЫ МЕН ШЕГІ

**Осы интеграцияланған жылдық есептің мақсаты - оқырманға біздің қызметіміздің барлық маңызды элементтері мен бағыттары туралы толық ақпарат беру.**

Тұрақты даму саладағы есепті қамтитын Samruk-Kazyna Ondeu-дің жылдық есебін оқып отырғандарыңызға қуаныштымыз.

Осы есепте төменде көрсетілген Компания қызметі туралы сұрақтарға жауаптар берілген:

- Компания және оның еншілес тәуелді ұйымдары не істейді?
- SK Ondeu компаниялар тобы 2023 жылы қандай нәтижелерге қол жеткізді?
- Компанияның бизнес моделі қандай?
- Компанияның маңызды мақсаттары мен міндеттері қандай және ол оларға қалай жетуге және іске асыруға ниетті?
- Компанияның даму стратегиясына сәйкес болашаққа қандай жоспарлар бар?

# МАЗМҰНЫ

БАЙҚАУ КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	4	Тексеру комиссиясы	41
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ	5	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	42
15 ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТ	6	Іскерлік этика және комплеанс	44
КОМПАНИЯНЫҢ 2023 ЦИФРЛАРЫ	7	<b>ТҰРАҚТЫ ДАМУ</b>	46
2023 НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР	8	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы	47
МИССИЯ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР	9	2023 тұрақты дамудың негізгі оқиғалары	48
БИЗНЕС-МОДЕЛЬ	10	Тұрақты даму аспектілерін басқару құрылымы	49
<b>ӨСУ ЖӘНЕ ДАМУ</b>	11	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу	50
Компания туралы	11	Маңыздылық матрицасы	52
Активтердің құрылымы	12	Экономикалық жауапкершілік	54
Даму стратегиясы	11	Экологиялық жауапкершілік	57
Нарыққа шолу	17	Кадрлық және әлеуметтік саясат	67
<b>ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАР</b>	20	<b>ҚОСЫМША</b>	
Жобаларды іске асыру	20	<i>Тәуелсіз аудитордың пікірі</i>	75
Қаржылық-экономикалық нәтижелер	25	<i>Глоссарий, қысқартулар тізімі</i>	79
Даму перспективалары	27	<i>Байланыс ақпараты</i>	79
<b>ТИІМДІ БАСҚАРУ</b>	28	<i>GRI standards сәйкестік кестесі</i>	81
Жалғыз қатысушы	29	<i>Жылдық есептерді салыстырмалы талдау</i>	83
Ұйымдық құрылым	30	<i>Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын ұстану туралы есеп</i>	87
Байқау кеңесі	31		
Басқарма	36		
Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру	40		

## БАЙҚАУ КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

**Құрметті қатысушылар, инвесторлар және серіктестер!**

Сіздердің назарларыңызға «SK Ondeu» ЖШС-ның 2023 жылдың қорытындылары бойынша қызметінің негізгі нәтижелері, негізгі оқиғалар мен қаржылық нәтижелері туралы, сондай-ақ Компанияның стратегиялық басымдықтары мен одан әрі даму перспективалары туралы ақпаратты қамтитын интеграцияланған жылдық есебін ұсынамыз.

Бүгінде «SK Ondeu» ЖШС алдында тұрған басты міндеттердің бірі - Қазақстанның химия саласын дамытуға инвестициялар тарту, осыған байланысты біз жаңа серіктестерді, стратегиялық инвесторларды белсенді іздестіруді жүргізіп, саланың негізгі ойыншыларымен ынтымақтастықты дамытудамыз. 2023-2032 жылдарға арналған «SK Ondeu» ЖШС-ның ұзақ мерзімді даму стратегиясына сәйкес 2023 жылы Компанияның қызметі дамудың негізгі бағыттары: ауыл шаруашылығына арналған тыңайтқыштар, мұнай-химия және арнайы химия бойынша жобалар портфелін жаңғыртуға бағытталды.



Байқау кеңесінің төрағасы  
**КОРОТКОВ ИВАН ФЕДОРОВИЧ**

2023 жылы Жалғыз қатысушыға алғаш рет 2,9 млрд теңге мөлшерінде дивидендтер төленді, бұл Компанияның үнемі жетілдіріліп, дамып, нарықтың өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделу қабілетін айғақтайды.

Компанияның түсімі 33,7 млрд. теңгені құрады, ал EBITDA көрсеткіші 5,2 млрд. теңгеге жетті.

Сонымен қатар біз қаржылық көрсеткіштерге ғана көңіл бөліп отырған жоқпыз. Даму стратегиясында біз еңбекті қорғауға, өндірістік қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қамқорлыққа назар аудара отырып, ESG қағидаттарын сақтау міндетін қойдық. Біз адам ресурстарын дамыту саласындағы стратегияға, қоршаған ортаға ең аз әсер етуді ескере отырып, жобаларды таңдауды жетілдіруге, ҒЗТКЖ-ны дамытуға ерекше көңіл бөлеміз. Осы бағытта еңбек жағдайларын жақсарту, қауіпсіздіктің инновациялық жүйелерін енгізу, персоналды дамыту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және енгізу, сондай-ақ ҒЗТКЖ жобаларын іске асыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Байқау кеңесі еншілес кәсіпорындарға бару тәжірибесін жалғастыруда, 2023 жылы біз «SSAP» ЖШС, «KUS» ЖШС, «Полимер Продакшн» ЖШС болдық. ҰИМТ АЭА аумағында біз «Бутадиен» ЖШС жобасының іске асырылу барысын, ал «SSAP» ЖШС аумағында күкірт қышқылы зауытын кеңейтуге арналған учаскені тексердік.

Корпоративтік басқарудың сапалы жүйесі және тиімді жұмыс істейтін Байқау кеңесі - қазіргі заманғы компанияның ұзақ мерзімді орнықты дамуының маңызды шарттары. 2023 жылы Байқау кеңесі қызметті бағалауды жүргізді, оның қорытындысы бойынша жетілдіру және жақсарту аспектілері анықталды.

2024 жылға біз көптеген амбициялы жоспарлар мен міндеттерді белгіледік және Компанияда еңбек ететін кәсіпқойлардың қолдауымен және күш-жігерімен Қазақстан Республикасының химия саласында лайықты орын алу үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтынымызға сенімдімін.

Серіктестіктің Байқау кеңесі атынан Басқармаға, ұжымға, Жалғыз қатысушыға «SK Ondeu» ЖШС-ны дамыту және қалыптастыруда ортақ күш-жігері үшін алғысымды білдіргім келеді.

Құрметпен,  
Байқау кеңесінің төрағасы  
И. Коротков

# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

## Құрметті әріптестер, серіктестер және инвесторлар!

Сіздердің назарларыңызға «SK Ondeu» ЖШС-ның 2023 жылдың қорытындылары бойынша интеграцияланған жылдық есебін ұсынамыз, онда сіз экономикалық, экологиялық, әлеуметтік және өзге де аспектілерді ескере отырып, біздің жетістіктерімізбен және қызметтің маңызды сәттерімен таныса аласыз.

2023 жыл ішінде «SK Ondeu» ЖШС 2023-2032 жылдарға арналған даму стратегиясында айқындалған міндеттерді іске асыруға баса назар аудара отырып, өз қызметін жалғастырды. Осылайша жаңа өндірістерді құру бөлігінде біз еншілес компания - «ХИМ-плюс» ЖШС-ның өндірісін қайта бағдарлау шеңберінде күкірт қышқылын, бутадиең, аммоний сульфатын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тыңайтқыштарын өндіру жөніндегі жобалармен жұмысты жалғастырдық.

Жылдың қорытындылары туралы айта келе «SSAP» ЖШС қызметінің табысты нәтижелерін атап өткім келеді, 1-тоқсанда артта қалғанына қарамастан, 2023 жылдың қорытындысы бойынша зауыт күкірт қышқылын өндіру және сату жөніндегі жоспардан асып түсіп, 1,7 млрд. теңге көлемінде рекордтық таза пайдаға шықты.

Қазақстанда күкірт қышқылына өсіп келе жатқан сұранысты қанағаттандыру мақсатында біздің команда «SSAP» ЖШС зауытын екі есеге кеңейту және Түркістан облысында уран өнеркәсібінің қажеттіліктері үшін 800 мың тоннаға күкірт қышқылын өндіру бойынша тағы бір жобаны іске асыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде.



Басқарма төрағасы  
**МӘУЛЕТОВ ДАНИЯР НҰРЛАНҰЛЫ**

«SK Ondeu» ЖШС мен «Татнефть» ЖАҚ бутадиең мен оның туындыларын өндіру бойынша бірлескен жұмыс жүргізуде. 2023 жылы жобаны іске асыру стратегиясы туралы маңызды шешім қабылданды, қазіргі уақытта жабдықты жобалауға және жеткізуге жеткізушіні таңдау бойынша жұмыс жүргізілуде (EP).

Атырау облысындағы бірыңғай газ-химия кешені шеңберінде мұнай-химия кластері жобаларының синергиясын қамтамасыз ету мақсатында «Полимер Продакшн» ЖШС полимер өнімдерін өндіру жөніндегі жоба 2023 жылғы желтоқсанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ атына іске асырылды.

Инновациялар мен ҒЗТКЖ-ға инвестициялар химия өнеркәсібінің тұрақты дамуында негізгі рөл атқарады. Сондықтан біз химия саласында бірлескен зерттеулер жүргізу үшін ғылыми қоғамдастықпен белсенді ынтымақтасамыз. 2023 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ ғылыми-техникалық кеңесінде мақұлданған үш ҒЗТКЖ жобасын іске асыру басталды. Бұл жобалар қоршаған орта мен ауыл шаруашылығы проблемаларын инновациялық шешуді ұсынады.

«SK Ondeu» ЖШС үшін басты басымдық қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі болып қала береді. Біз өндірістік қауіпсіздікке қатысты күшейтілген жұмыс жүргізудеміз және соңғы үш жыл ішінде жұмыс уақытын жоғалтқан жарақаттар коэффициенті (LTIF) 0.

Біздің ерекше назарымызға орнықты даму - экология, гендерлік теңдік, қызметкерлердің әлеуметтік әл-ауқаты мәселелері кіреді. Осылайша біз басқарушы органдар құрамындағы әйелдердің үлесін арттыруға бағытталған «Гендерлік теңдік» бағдарламасына қосылдық, корпоративтік орталықта және еншілес компанияларда «Жас химик» кеңсе» тұжырымдамасы енгізілді, «Жас химик» конкурсы өткізілді, өндірістік қатынастар стандарттары - industrial relations (IR) енгізілуде.

SK Ondeu топ-менеджмент командасы атынан Жалғыз қатысушының, инвесторлардың және әріптестердің қолдауымен біздің Компания қызметтің жоспарланған нәтижелеріне қол жеткізе отырып және барлық мүдделі тараптар үшін Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыра отырып, елдің химия саласын дамытуды жалғастыра беретініне сенім білдіремін.

Құрметпен,  
Басқарма төрағасы  
**Д. Мәулетов**

15  
ЖЫЛ

## 15 жылдағы қызмет

- 2008** ◆ «Біріккен химиялық компания» ЖШС (Серіктестік) құрылды
- 2009** ◆ Серіктестік БККЗ (SSAP) күкірт қышқылы зауытының акциялары акционерлерінің (51%) құрамына кірді
- 2011** ◆ БККЗ (SSAP) 180 мың тонна күкірт қышқылын өткізуге офтейк келісімшартқа қол қойылды
- ЕАДБ-дан БККЗ-ны (SSAP) реконструкциялауға қарыз алынды
- 2012** ◆ Серіктестік «KLPE» ЖШС (25%), «KPI Inc» ЖШС (51%) құрамына кірді
- «Полимер Продакшн» ЖШС және «ХИМ-плюс» ЖШС еншілес компаниялары құрылды
- 2013** ◆ Сбербанк қарызы арқылы «Полимер Продакшн» ЖШС үшін жабдықтар сатып алынды
- «Тараз Химпарк АЭА» БК» АҚ құрылды
- 2014** ◆ «KUS» ЖШС еншілес компаниясы құрылды
- «KLPE» ЖШС үлесі 50%-ға дейін ұлғайды
- «KUS» ЖШС ««ҰИМТ» АЭА өндірістік және жалпы зауыттық инфрақұрылым объектілерінің құрылысы» жобасына республикалық бюджеттен қаржыландыру бөлді
- 2015** ◆ «Полимер Продакшн» ЖШС полипропилен қаптары мен пленка өндірісін іске қосты
- БККЗ (SSAP) күкірт қышқылы зауыты пайдалануға берілді
- 2016** ◆ «Полимер Продакшн» ЖШС БОПП-пленка желісі іске қосылды
- KPI жобасын салу үшін Қытайдың мемлекеттік даму банкінен қарыз алынды
- «KLPE» ЖШС-де LG Chem-нің 50% қатысу үлесі сатып алынды. Үлесі - 75%.
- 2017** ◆ «KPI Inc.» ЖШС «Алғашқы интеграцияланған газ-химия кешенінің құрылысы» жобасының ЖСҚ-ға мемлекеттік сараптама қорытындысын алды
- 2018** ◆ Серіктестіктің «KPI Inc» ЖШС-дегі үлесі 99%-ға дейін ұлғайды
- «ХИМ-плюс» ЖШС пестицидтерді өндіру мен сатуға лицензия алды
- «Silleno» ЖШС еншілес компаниясы құрылды
- 2019** ◆ Тараз ХимПарк АЭА акцияларының 90% мемлекеттік меншікке берілді
- «ХИМ-плюс» ЖШС формуляция кешенін іске қосты
- «KUS» ЖШС газ турбиналы электр станциясы (ГЭС) мен жоғары вольтты желіні іске қосты
- 2020** ◆ «Полимер Продакшн» ЖШС полипропилен қаптарындағы ротогравюралық басу желісін іске қосты
- 2021** ◆ Ребрендинг өткізілді - Samruk-Kazyna Ondeu (SK Ondeu)
- «SSAP» ЖШС күкірт қышқылын өндіру бойынша жобалық қуаттылыққа шығуды қамтамасыз етті
- Жыл қорытындысы бойынша LTIF көрсеткіші = 0
- 2022** ◆ «Гидрофильді коллоидты күкірт өндірісі» жобасының ҒЗТКЖ жаңа бағыты бойынша жұмыс басталды
- 2023-2032 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілді
- «ҚМГ» ҰК» АҚ атына «KLPE» ЖШС-де үлесі сатылды
- 2023** ◆ SK Ondeu «TQZ» ЖШС-ның сенімді басқарушысы болып айқындалды
- «SSAP» ЖШС 15 жылдығын атап өтті және құрылған күнінен бастап рекордтық таза пайданы қамтамасыз етті
- ҚМГ атына «Полимер Продакшн» ЖШС-де SK Ondeu үлесі сатылды

# КОМПАНИЯ ЦИФРЫ

## ӨНДІРІСТІК КӨРСЕТКІШТЕР



### Өндірілді

- 193,4 мың тонна күкірт қышқылы
- 1 995 625 тонна кВт/сағ электр энергиясы
- 1 640 223 м3 су
- 17,7 тонна БОП пленка
- 4,7 млн. ПП қап

## ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



- 33,7 млрд. теңге - түсім
- 5,2 млрд. теңге - EBITDA
- Компания тарихында алғаш рет 2,9 млрд. теңге мөлшерінде дивидендтер төленді

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ



1. «Жасыл офис» тұжырымдамасы енгізілді
2. қауіпсіздік бойынша 430 мінез-құлық бақылаулары жүргізілді
3. «7 қадам» қатысушылары әзірлеген «Ssar» ЖШС базасында «Үнемді өндіріс» жобасын іске асыру басталды
4. ЕТҰ Байқау кеңестерінің құрамындағы әйелдердің үлесі 25% және 33,3 %-ды құрады
5. LTIF «SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобы бойынша 0
6. Тұрақты даму саласындағы интеграцияланған есеп KASE деректері бойынша «2022 жылғы жария емес компанияның үздік жылдық есебі» номинациясы бойынша жүлдегер атанды. PwC Kazakhstan деректері бойынша басқа салалардағы компаниялар арасында ESG-ақпаратты ашу деңгейі бойынша 2-ші орынды иеленді



# 2023 НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ



## Ақпан

SK Ondeu «Химия өнеркәсібі: тенденциялар, перспективалар және мүмкіндіктер» тақырыбында конференция ұйымдастырды

SK Ondeu жылдық есебі «2021 жылғы жария емес компанияның үздік жылдық есебі» номинациясы бойынша KASE байқауының жүлдегері атанды

## Наурыз

Басшылық еншілес компаниялардың өндірістік қызметкерлерімен бірқатар коммуникациялық кездесулері өткізді

## Сәуір

«ХИМ-плюс» ЖШС егіс маусымына арналған гербицидтерді жөнелтті және егіс науқанына орайластырылған «Агро Қызылжар 2023» көрмесіне қатысты

## Мамыр

SK Ondeu Басқармасының төрағасы болып Мәулетов Данияр Нұрланұлы тағайындалды

«ХИМ-плюс» ЖШС «Zhambyl Economic and Investment Forum» халықаралық экономикалық және инвестициялық форумына қатысты

## Мамыр

SK Ondeu өндіріс қалдықтарынан құрамында күкірті бар материалдарды алу жөніндегі ҒЗТКЖ жобасын іске асыруды бастады

SK Ondeu «Қазақстанның химия өнеркәсібі» конференциясына қатысты

SK Ondeu ESG мәдениетін дамыту үшін «жасыл офис» құру жөніндегі стратегияның бірінші кезеңін іске асыруды бастады

Алғаш рет Жалғыз қатысушыға 2,9 млрд. теңге мөлшерінде дивидендтер төленді

## Маусым - Шілде

Компаниялар тобының қызметкерлері арасында іріктеу спартакиадасы өткізілді

ХИМ-плюс «Jana Dala»/ «Green Day» Қазақстандық дала күні» көрмесінде өз өнімдерін ұсынды

SK Ondeu биогумус алу жөніндегі ҒЗТКЖ жобасын іске асыруды бастады

## Тамыз

«SSAP» ЖШС 15 жылдық мерейтойын атап өтті

SKO еншілес компаниясының мамандары «Жеті қадам» жобасының финалына қатысты

## Қыркүйек

SKO еншілес компаниялары ИННОПРОМ халықаралық көрмесіне қатысты

## Қазан

SK Ondeu «Жас химик» конкурсын өткізді

Term sheet метанол өндіру жобасы бойынша ынтымақтастық пен инвестициялаудың негізгі шарттары туралы қол қойды

SKO ENERGY TRENDS: Gas & Petrochemicals конференциясына қатысты

Инсектицидтерді алу жөніндегі ҒЗТКЖ жобасы Қордың ҒТК-де мақұлданды

## Қараша

SK Ondeu «Азот Синтезгаз. Өзбекстан және ТМД 2023» халықаралық конгресіне қатысты

SK Ondeu «Бутадиен» ЖШС құрамына енді

## Желтоқсан

SK Ondeu «Самұрық-Қазына» АҚ әлеуметтік-еңбек коммуникациялары бойынша форумына қатысты

SK Ondeu және SSAP «Күкірт және күкірт қышқылы 2023» XVIII халықаралық конференциясына қатысты

Полимер Продакшн ҚМГ-ға сатылды

## Желтоқсан

SK Ondeu қуаты жылына 800 мың тонна күкірт қышқылын өндіру жобасының сенімді басқарушысы болып тағайындалды

SK Ondeu ESG-ақпаратты ашу деңгейі бойынша басқа салалардың компаниялары арасында екінші орынды иеленді (KASE деректері бойынша)

SK Ondeu мен «ҚазАзот» АҚ аммоний сульфатын өндіру бойынша инвестициялық жобаны жүзеге асыру аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды

«SSAP» ЖШС рекордтық таза табысқа шықты



# МИССИЯ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

## МИССИЯ



Химиялық жобаларға ұтымды және тиімді инвестициялар жолымен ҚР-да химия саласын дамыту, сондай-ақ озық құзыреттерді қалыптастыру.

## ПАЙЫМЫ



Қосылған құны жоғары химиялық өнім шығару бойынша Орталық Азия нарығындағы жетекші өндірістік холдинг.

## ҚҰНДЫЛЫҚТАР




ДАМУ



ЖАУАПКЕРШІЛІК



БАТЫЛДЫҚ



АШЫҚТЫҚ

# БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

## КАПИТАЛДАР

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

## ЦИКЛ

## ҚҰНДЫ ҚҰРУ

Қаржы капиталы

Табиғи ресурстар

Өндірістік капитал

Зияткерлік меншік

Адами капитал

Әлеуметтік капитал және бедел

Операциялық тиімділікті арттыру

Жаңа технологиялар мен үздік өндірістік тәжірибелерді енгізу

Өнім портфелін кеңейту

Шикізат базасына қолжетімділікті қамтамасыз ету

Стратегиялық серіктестіктерді дамыту

Тұрақты өткізу нарықтарын қалыптастыру

ШОБ-пен әріптестікті дамыту

Ғылыми база мен адами капиталды дамыту

ESG трансформациясы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ

САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА – ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫ

Басқарма

«SK ONDEU» ЖШС

ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНВЕСТОРЛАР

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ИНВЕСТОРЛАР

Жобаларды іске асыру үшін қаржы қаражатын тарту

ЖОБАЛАР (ТҰЖЫРЫМДАМА, ТЭН)

ЕТҮ (ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ)

Шикізат/жабдық сатып алу

Химиялық өнімдер

Жеткізушілер Шикізат/Жабдықтар

Отандық және шетелдік өндірушілер

Ресми дилерлер

КОНТРАГЕНТТЕР

ЗАУЫТТАР

ӨНДІРУШІЛЕР

ДЕЛДАЛДАР

ДАЙЫН ӨНІМ

2,9 млрд. теңге дивиденттер төленді

65,3 млн. теңге қоршаған ортаны қорғау (зерттеулер, әзірлемелер)

80 % жергілікті жеткізушілердің үлесі

3 жаңа ҒЗТКЖ жобасы

615 адам персоналдың саны

33,7 млрд. теңге Компанияның пайдасы

## Өсу және даму

### КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ



#### АТАУЫ

«Samruk-Kazyna Ondeu» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



#### ҚҰРЫЛДЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2008 жылғы 28 қарашадағы шешімімен (№ 4 хаттама) Қазақстан Республикасы Президентінің «химия саласының жобаларымен айналысатын арнайы компания құру» жөніндегі 2008 жылғы 13 қазандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмасын орындау мақсатында

[Компания туралы толығырақ: www.o-sk.kz](http://www.o-sk.kz)



### ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫ

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

### ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІ



Химия саласында инвестициялық жобаларды іске асыру үшін зерттеулерді, сараптамаларды және басқа да жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу



Химия саласындағы инвестициялық жобаларды ұйымдастыру үшін қажетті жер қойнауын пайдалану саласындағы жобаларды ұйымдастыру және іске асыру



Серіктестіктің химия саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру үшін өзге заңды тұлғалардың акцияларын мекемеге қатысуы және/немесе сатып алуы




Дауыс беретін акцияларының елу пайыздан астамы серіктестікке тиесілі заңды тұлғаларды корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесін енгізу

# АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

SKO портфелінде 5 ұйым бар, олардың арасында бір жоба бойынша агрохимия, бейорганикалық химия, мұнай-газ химиясы және екі инфрақұрылымдық жоба бар.



## БЕЙОРГАНИКА ЛЫҚ ХИМИЯ



«SSAP» ЖШС



## АГРОХИМИЯ



«ХИМ-плюс» ЖШС



## МҰНАЙ-ГАЗ ХИМИЯСЫ




«KPI Inc.» ЖШС\*



## ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР



«KUS» ЖШС\*



«Химпарк Тараз АЭА» БК» АҚ



\* Сенімгерлік басқаруға берілген жобалар  
\*\* Жоба 2023 жылдың желтоқсанында ҚМГ-ға берілді

# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС (SKO) 2023-2032 жылдарға арналған даму стратегиясы SKO Байқау кеңесінің 2022 жылғы 28 қазандағы шешімімен SKO-ның Жалғыз қатысушысы – «Самұрық-Қазына» АҚ-ның даму стратегиясына сәйкес бекітілді.

## МИССИЯСЫ

Химиялық жобаларға ұтымды және тиімді инвестициялар жолымен ҚР-да химия саласын дамыту, сондай-ақ озық құзыреттерді қалыптастыру.

## ПАЙЫМЫ

Қосылған құны жоғары химиялық өнім шығару бойынша Орталық Азия нарығындағы жетекші өндірістік холдинг.

Стратегияның фокусы бүкіл SKO бизнесіне әсер ететін **үш басымдыққа** бағытталады:

1. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІК
2. ӨНДІРІСТІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ
3. ТҰРАҚТЫ ДАМУ

SKO-ның Даму стратегиясы **дамудың мынадай негізгі бағыттары** бойынша шағын тоннаждық және орта тоннаждық химия өнімдерін дамыту жөніндегі жобаларды іске асыруға бағытталған:

**1. АГРОХИМИЯ** - азот және фосфат тыңайтқыштарына импортқа тәуелділікті төмендетуге, елдің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

**2. МҰНАЙ ХИМИЯСЫ** - елді химия саласының дамуын және одан әрі қайта бөлуді ынталандыру, импортқа тәуелділікті төмендету, қосымша жұмыс орындарын құру үшін қажетті базалық химиялық өніммен қамтамасыз ету.

**3. АРНАЙЫ ХИМИЯ** – химиялық өнімдер өндірісінің жоғары қайта бөлінуін дамытуды қамтамасыз етеді, импортқа тәуелділікті төмендетеді, қосымша жұмыс орындарын ашады.

Осы бағыттарды іске асыру үшін біз мыналарға назар аударамыз:

• **Серіктестікті дамыту.** Біз іскер серіктестермен сенімді қарым-қатынас орнату мәселесінде адалдық пен ашықтықты көтермелейміз және ілгерілетеміз және ШОБ өкілдерімен, кәсіподақтармен, қауымдастықтармен және қоғамдық бірлестіктермен, министрліктермен, комитеттермен, бизнес өкілдерімен, өңдеуші кәсіпорындармен, шикізат пен технологияларды жеткізушілермен және т.б. қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, барлық негізгі стейкхолдерлермен ашық диалог құруға дайын екендігімізді мәлімдейміз.

• **Адами капиталды дамыту.** SKO компаниялар тобындағы басты құндылық адамдар болып табылады, сондықтан біз жаңа құзыреттерді дамытуға инвестиция салуды жалғастырамыз, білім мен тәжірибені тиімді беру, топтың одан әрі тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында




дарынды кадрларды тарту және ұстап қалу бойынша түрлі тетіктерді енгіземіз.







• **ESG-трансформация.** SKO әлеуметтік, экономикалық және экологиялық саланы қоса алғанда, қоғамның дамуына ерікті үлес қосады, сондай-ақ басқарудың жоғары корпоративтік стандарттарын ұстанады және SKO компаниялар тобына ESG қағидаттарын енгізеді.

• **ҒЗТКЖ-ны дамыту.** Саланың тұрақты өсуінің негізгі факторларының бірі инновациялар мен ҒЗТКЖ инвестициялары болып табылады. Осы мақсаттар үшін біз химия саласында бірлескен зерттеулер жүргізу үшін ғылыми-зерттеу қоғамдастығымен, қазақстандық жоғары оқу орындарымен тиімді қарым-қатынас орнататын боламыз

# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

## 2023 жылы стратегиялық мақсаттарды іске асыру жөніндегі есеп

Стратегиялық мақсаттар	Негізгі нәтижелер
 <p><b>SKO ETҰ рентабельділігі және қаржылық тұрақтылығы</b></p>	<p><u>SSAP ЖШС.</u> ТШО-мен күкірт бойынша негізгі шарт 2029 жылға дейін қолданылады. Күкірт қышқылын жеткізу туралы келісімшарттар 2024 жылы бірнеше үшінші тарап тұтынушыларымен жасалды.</p> <p><u>ХИМ-плюс ЖШС.</u> ХИМ-плюс гербицидтер өндірісінің жұмыс істеуімен байланысты емес инфрақұрылымдық объектілерді беру бойынша жұмыс жүргізілуде. Қолданыстағы ХИМ-плюс өндірісін жаңғырту арқылы минералды тыңайтқыштар өндірісін жолға қоюға мүдделі әлеуетті инвестормен келіссөздер жүргізілуде. Нәтижесінде шығарылатын өнімнің портфолиосы кеңейтілетін болады.</p> <p>«SK Ondeu» ЖШС ҚМГ пайдасына жарғылық капиталдағы өз үлесін сату арқылы «Полимер Продакшн» ЖШС қызметіне қатысуды тоқтатты.</p> <p><u>«KUS» ЖШС ҚМГ-ға сенімгерлік басқаруға берілді.</u></p>
 <p><b>Бизнес-процестерді жетілдіру және автоматтандыру</b></p>	<p>Киберқауіпсіздік бойынша оқытуды, мүдделер қақтығысын декларациялауды және HSE саласындағы өтінімдерді өңдеуді қоса алғанда, автоматтандырылған процестер әзірленді және енгізілді. Автоматты жауаптар үшін CRM роботтарын пайдалана отырып, сервисті автоматтандыру бойынша платформаны пысықтау жүргізілуде. Сондай-ақ ақпараттық активтердің автоматты резервтік көшіру жүйесі енгізілді.</p>
 <p><b>Жаңа жобаларды іске асыру</b></p>	<p>«SSAP» ЖШС күкірт қышқылы зауытының қуатын 180 мың тоннаға кеңейту жөніндегі жобаны, Түркістан облысында күкірт қышқылын өндіру жөніндегі жобаны 800 мың тоннаға, сондай-ақ еншілес компания – «ХИМ плюс» ЖШС өндірісін қайта бағдарлау шеңберінде аммоний сұльфатын, бутадиенді, ауыл шаруашылығы тыңайтқыштарын өндіру жөніндегі жобаларды қоса алғанда, жаңа жобаларды іске асыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.</p>

Стратегиялық мақсаттар	Негізгі нәтижелер
 <p><b>Шикізатты жеткізуге келісім</b></p>	<p>Күкірт өндірушілермен күкіртті жеткізу шарттары бойынша келіссөздер жүргізілуде.</p>
 <p><b>Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен жобаларға серіктес тарту</b></p>	<p>SKO перспективалы жобалары туралы ақпарат Азот Синтезгаз және Energy Trends: Gas &amp; Petrochemicals форумдарында ұсынылған. Сондай-ақ әлеуетті серіктестердің тізілімі жасалды, ол үнемі жаңартылып отырады. Әріптестерді іздестіру үздіксіз жүргізілуде, BASF, CNCEC, CDIF, AMK Global, CEF, Shell және басқалармен кездесулер өткізілді.</p>
 <p><b>Қордың ETҰ-мен сауда интеграциясы</b></p>	<p>SKO қуаты 800 мың тонна күкірт қышқылын өндіру жобасын іске асыруда. ТЭН әзірлеу аяқталды, ТЭН-ге мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Базалық жобалау басталды.</p>
 <p><b>ШОБ ақпараттық-талдамалық қолдау орталығын құру</b></p>	<p>Қызметі туралы ақпарат, ақпараттық-талдамалық деректер <a href="http://www.o-sk.kz">www.o-sk.kz</a> корпоративтік сайтында және SKO (LinkedIn, Telegram, Facebook) әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ БАҚ-та жарияланады. 2023 жылғы негізгі PR іс-шаралар конференцияларды, талдамалық жұмыстарды, коммуникациялық кездесулерді, журналдардағы сұхбаттарды, қол жеткізілген нәтижелер туралы есептерді, «SSAP» ЖШС мерейтойын мерекелеуді, конкурстарды өткізуді, көрме іс-шаралары мен форумдарға қатысуды, сондай-ақ ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісімдерге қол қоюды қамтиды.</p>
 <p><b>Кәсіби және тиімді команда. ҒЗТКЖ-ны дамыту</b></p>	<p>31 қызметкер кәсіби дағдыларын арттыру үшін оқыту іс-шараларынан өтті. Сондай-ақ ішкі климатты жақсарту үшін команданы құрайтын іс-шаралар өткізілді. Өндірістік персоналдың лауазымдық жалақысының мөлшері қайта қаралды. ҒЗТКЖ жобаларын іздеу және бағалау бойынша әдіснама енгізілді. SKO ҒТК құрамына 12 ғылыми қайраткер тартылды, ҒЗИ және ЖОО-мен ынтымақтастық жалғасуда. 3 жобаның ҒЗТКЖ іске асырылуда, қаржыландыру ҒТБО қаражаты есебінен жоспарлануда</p>
 <p><b>ESG мәдениеті</b></p>	<p>Байқау кеңесі «2023-2024 жылдарға арналған SKO ESG көрсеткіштерін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын» бекітті, 2023 жылдың қорытындысы бойынша орындалу 100% болды. Қалдықтарды бөлек жинау мен энергияны үнемдеуді қоса алғанда, «Жасыл офис» жобасын іске асыру басталды. 2022 жылғы жылдық есеп бекітіліп, Компанияның сайтында орналастырылды.</p>

## SWOT - ТАЛДАУ

### S

#### ӘЛДІ ЖАҚТАРЫ



- Компанияның мемлекеттік мәртебесі және «Самұрық-Қазына» АҚ және мемлекет тарапынан қолдау;
- Операциялық активтерді арнайы экономикалық аймақта (АЭА) орналастыру мүмкіндігі;
- Қор қызметі аясында шикізатпен қамтамасыз ету шеңберінде де, дайын өнімді өткізу шеңберінде де холдингішілік кооперация;
- Ішкі нарықтарға қол жеткізу.

### W

#### ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ



- Меншікті шикізат базасының болмауы
- Меншікті қаржы ресурстарының жетіспеушілігі
- Экспорттық өткізу нарықтарының қашықтығы
- Ғылыми-техникалық базаның болмауына байланысты технологияларға қол жеткізуге тәуелділік
- Логистика құнын қоса алғанда, өнімді сатуға жоғары шығындар

### O

#### МҮМКІНДІКТЕР



- Шикізатты жеткізуге ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасу мүмкіндігі.
- Мемлекеттік қолдау шараларын алу мүмкіндігі.
- Стратегиялық серіктестерді тарта отырып, бірлескен кәсіпорындар құру мүмкіндігі.
- Химияны тұтынудың өсіп келе жатқан және кең ішкі нарығы.
- Күкірт қышқылы, тыңайтқыштар, катализаторлар және т.б. сияқты бағалы химиялық өнімдерді өндіру мен жеткізуде жоғары үлесті алу мүмкіндігі.

### T

#### ҚАУІПТЕР



- Химия нарығындағы жоғары бәсекелестік
- Импорттаушы елдердегі баждар/тарифтік емес кедергілер
- Тарифтік және тарифтік емес кедергілер арқылы ішкі нарықтың жеткіліксіз қорғалуы
- Жобалардың мерзімдерін бұзу қаупі және олардың құнының қымбаттауы
- Құрылыс бойынша реттелген рәсімдер (ҚНЖЕ, рұқсаттар, келісімдер)
- Жұмыстарды, материалдар мен жабдықтарды жеткізуді жобалау және жоспарлау қателері

## PEST - ТАЛДАУ

P

### САЯСИ ФАКТОРЛАР



- Елдегі саяси жағдайдағы өзгерістер
- Самұрық-Қазына» АҚ ПК басқару саясатына қатысты өзгерістер
- Экологияға, денсаулық сақтауға және шикізатқа қол жеткізуге әсер ететін заңнамадағы өзгерістер
- Аймақтағы тұрақсыз саяси жағдай
- Стратегиялық серіктестерге қарсы санкциялар енгізу
- Көршілес мемлекеттердегі экономикалық бағамдардың өзгеруі
- Жаһандық саяси бағытты экологиялық мәселелерге бағдарлауға өзгерту

E

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР



- Мұнай бағасының өсуі
- Экономикалық жағдайға теріс әсер ететін инфляцияның жоғары деңгейі
- Экономикалық белсенділікке қысым жасайтын қарыздар бойынша жоғары пайыздық мөлшерлеме
- Импорттаушы елдердегі салық заңнамасын өзгерту, мысалы, көміртегі салығын енгізу және т.б.
- Қазақстан экономикасына теріс әсер етуі мүмкін әлеуетті әлемдік экономикалық немесе қаржылық дағдарыс

S

### ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРЛАР



- Қазақстандағы халық санының өсуі
- Кадрлардың білім деңгейі мен біліктілігіндегі өзгерістер
- Химия саласындағы кадрлардың біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі және тиісті білім беру бағдарламаларының жетіспеушілігі
- Қолжетімді және арзан жұмыс күшінің болуы
- Инновациялық технологиялық процестермен жұмыс тәжірибесі бар білікті шетелдік жұмыс күшін тарту

T

### ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР



- Мақсатты өнімдерді өндіру үшін қажетті технологиялардың жетіспеушілігі
- Жаңа «жасыл» химиялық өнімдерді енгізу немесе танымал ету
- Химиялық технологияларды дамытудың ғылыми-техникалық базасының жетіспеушілігі
- Өндіріс үшін қажетті шикізаттың жетіспеушілігі, мысалы, өндіріс орнында судың болмауы
- Химия өнеркәсібін дамыту мәселелері бойынша ел деңгейіндегі негізгі мүдделі тараптар арасында үйлестірудің болмауы.



# НАРЫҚҚА ШОЛУ

Химия қазіргі өмірде қажет. Үйге және жеке гигиенаға арналған тауарлардан бастап киім-кешек пен спорттық құрал-саймандарға, автомобильдер мен электроникаға дейін химия күнделікті пайдаланатын мыңдаған өнімді жасауға көмектеседі. Химиядағы инновациялардың арқасында автомобильдерді жеңіл және үнемді,

құрылыс материалдарын ұзақ мерзімді және орнықты шығаруға болады, ал ұялы телефондарда, компьютерлер мен теледидарларда және басқа да электроникаларда қазіргі заманғы тұтынушылардың технологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін функционалдылықты жақсартуға болады.


Егер 90-шы жылдарға дейін химия өнеркәсібі негізінен дамыған елдерде шоғырланған болса, 90-шы жылдары Азия мен Латын Америкасының дамушы елдері шетелдік инвестицияларды тарта отырып, бірінші кезекте дамыған елдердің ішінен

химия өнеркәсібінің жаңа орталықтарына айналды. 2000 жылдары Таяу Шығыс тез арада әлемдік мұнай-химия нарықтарында негізгі ойыншыға айналады.


## ХИМИЯ САЛАСЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ҮРДІСТЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН ТАЛДАУ

COVID-19 пандемиясы химия өнеркәсібінің жалпы кірісі саласына айтарлықтай әсер етті 2020 жылы 35%-ға төмендеді, 2021 жылы сала 4,4 трлн еуро (4,7 трлн АҚШ доллары) рекордтық жоғары кіріске қол жеткізе отырып, қалпына келтіру белгілерін көрсетті. 2022 жылы түсім 5,43 трлн еуроға (5,72

трлн АҚШ доллары) жетті. Осы құбылмалылыққа қарамастан, химия өнеркәсібі бұрынғысынша әлемдік экономикаға елеулі үлес қосады және инновациялардың пайда болуына қарай дамуын жалғастырады деп күтілуде.



2012-2022 химиялық өнімдер әлемдік нарығының динамикасы, млрд еуро



Өңірлер бөлінісінде 2022 жылы химиялық өнімдерді сату көлемі, млрд АҚШ доллары

Қазіргі уақытта Азия әлемдік химикаттар рыногында маңызды рөл атқарады және химикаттарды өңірлік тұтыну Азияда неғұрлым жылдам қарқынмен өсуді жалғастыруда. Мәселен, егер 2009 жылы Азияның үлесіне әлемдік

химия нарығының шамамен 41%-ы келсе, 2022 жылы Азияның үлесіне әлемдік химикаттарды тұтынудың іс жүзінде 65%-ы тиесілі болды, оның ішінде ең көп үлес Қытайға тиесілі - 2390 млрд еуро (АҚШ-тағы химикаттарды тұтынудан 4 есе жоғары).


# НАРЫҚҚА ШОЛУ



2022 жылы химиялық өнімдердің әлемдік сатылымы, млрд еуро

Жылжымайтын мүлікке қатысты жалғасып отырған проблемаларға және дефляциялық қысымға қарамастан, Қытай бірнеше жылдар бойы мұнай және химия өнеркәсібі саласында «үлкен елден» «ұлы державаға» көшу жөніндегі өнеркәсіпті дамытудың өршіл стратегиясын орындауды

жалғастыруда. 10 жыл ішінде Қытайдың әлемдік нарықтағы үлесі 31%-дан бастап 44%-ға дейін өсті. Қытайда сату деңгейі келесі сегіз ел мен ЕО-ға қарағанда жоғары. Бұл ретте 2007 жылы Қытайдың үлесі әлемдік сатудан 15%-дан кем болды.




Химиялық өнімнің әлемдік нарығының құрылымы елдер бөлінісінде 2012 - 2022 жылдар, %

Бейорганикалық заттарды, базалық мұнай-химияны, сондай-ақ резеңкелер мен шайырларды қоса алғанда, «базалық химия» сегменті жалпы сомасы 3,29 трлн АҚШ долларынан астам әлемдік химиялық өнімдердің көпшілігін құрады. Пандемиядан кейінгі 2 жылда нарықтың едәуір өсуіне қарамастан, сарапшылар мен талдаушылар тұтыну тауарлары өсуінің төмен қарқынына байланысты бірте-бірте бәсеңдей отырып, нарықтың одан әрі өсуін өте абайлап болжап отыр. Қытайдағы дефляциялық қысым мен артық өндіріс дағдарысы, АҚШ пен Еуропадағы инфляцияны төмендету шаралары және пайыздық мөлшерлемелердің өсуі, Ресей мен Украинаның қарулы қақтығысының салдары тауар нарықтарында баяулауға алып келеді. Moody's саяси тәуекелдер мен сауда шиеленісін химия өнеркәсібінің келешегін өзгертетін негізгі факторлар деп атады.

Дереккөз: Cefic: Facts&Figures 2023

# НАРЫҚҚА ШОЛУ




Сегменттер бөлінісіндегі әлемдік химия нарығының құрылымы, млрд АҚШ доллары

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХИМИЯ ЖӘНЕ МҰНАЙ-ХИМИЯ САЛАСЫН ДАМУ

Қазақстан минералдық және көмірсутек шикізатының орасан зор қорына ие және осы көрсеткіш бойынша әлемнің жетекші 15 елінің қатарына кіреді. Осыған байланысты химия саласы өсудің орасан зор әлеуетіне ие.

Сонымен қатар Қазақстанның химия саласы дамымаған күйінде қалып отыр - ЖІӨ-дегі үлесі 1%-ды құрайды (Ресейде - 5,3%).

2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда химия саласы өндірісінің көлемі құндық көріністе 957,5 млрд теңгені құрады, бұл 2022 жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіштен 3,6%-ға жоғары.



Қазақстанның химия өнеркәсібі өндірісінің серпіні, млрд теңге

Өндіріс көлемінің заттай көріністегі ең үлкен өсімін мынадай тауарлар көрсетеді: көміртек диоксиді (+ 3,4%), хром тотығы (+ 4,3%), плавик қышқылы (+ 81,6%), стирол полимерлері (+ 3,4%), бастапқы нысандардағы полиуретандар (+ 17,8%), полимерлер негізіндегі бояулар мен лактар (+ 3,8%), жуғыштар химиялық және онымен аралас салалардағы (сусындар өндірісі, ауыл шаруашылығы және коммуналдық шаруашылық, құрылыс және т.б.) сұраныс есебінен қаражат (+ 20%). Өсудің негізгі себебі өнеркәсіптің аралас салаларындағы (ТМК, сусындар өндірісі, құрылыс және т.б.) сұраныстың ұлғаюы.

Химиялық өнім өндірісінде негізгі үлесті өзге де бейорганикалық заттар - 46%, тыңайтқыштар мен құрамында азоты бар заттар - 19%, өзге де химиялық өнімдер - 7%, бояғыштар мен пигменттер - 6%, өнеркәсіптік газдар - 5%, бастапқы нысандардағы пластмассалар - 4%, пестицидтер мен өзге де агрохимия - 3%

құрайды. Нақты көлем индексі 100,2%-ды құрады.

2023 жылғы қаңтар-қарашада химиялық өнімнің экспорты құндық көріністе 1 767,7 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2022 жылдың осындай көрсеткішімен салыстырғанда 14,3%-ға көп. Экспорттың негізгі елдері: Ресей (30%), Қытай (20%), Өзбекстан (9,0%).

2023 жылғы қаңтар-қазанда химия өнеркәсібі өнімінің импорты 4 356,3 млн АҚШ долларын құрады, бұл 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 7,8%-ға артық. Негізгі импорттаушы елдер: Ресей (38%), Қытай (19%), Германия (6%).

2023 жылғы қаңтар-қарашада өнімнің химиялық түрлері нарығының көлемі 4 480,8 млн АҚШ долларын (2 043,6 млрд теңге) құрады, бұл 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,9%-ға артық. Импорт өсімі (+ 7,7%) өндіріс (+ 5,9%) және экспорт (+ 14,3%) көлемінен асып түскенін атап өткен жөн. Импорттық өнімнің үлесі 97,2%-ды құрады.

Дереккөз: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

# Жетістіктер мен перспективалар

## ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС портфелінде 3 жұмыс істеп тұрған жоба бар, оның 1-і сенімгерлік басқаруда

2023 жылы Серіктестік активтерінің портфелінде болған өзгерістерге байланысты жылдық есептегі ақпарат Серіктестік деректерінен басқа Серіктестіктің мынадай жұмыс істеп тұрған еншілес компанияларының деректерін қамтиды:

1. «ХИМ-плюс» ЖШС - Жамбыл облысындағы глифосат формуляциясы кешені;
2. «SSAP» ЖШС - Ақмола облысында күкірт қышқылын өндіру;
3. «KUS» ЖШС – «ҰИМТ» АЭА өндірістік және жалпы зауыттық инфрақұрылым объектілерін салу.

«KUS» ЖШС - 2023 жылдың желтоқсан айынан бастап Атырау облысының ҰИМТ АЭА-да базалық

өндірістерді қамтамасыз ету үшін инфрақұрылым объектілерін салу жобасы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның сенімгерлік басқаруында. Осыған байланысты "KUS" ЖШС қызметі туралы ақпарат осы жылдық есепке енгізіледі.

«Полимер Продакшн» ЖШС 2023 жылғы желтоқсанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға сатылды, осыған байланысты осы компания туралы ақпарат «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның жылдық есебінде қамтылған.

KPI жобасына қатысу үлесі 9,5%, сонымен қатар бұл жоба сенімгерлік басқаруға берілді, сондықтан ол туралы ақпарат осы жылдық есепте орналастырылмайды.

Іске асырылып жатқан жобалар бойынша нәтижелер туралы толық ақпарат осы бөлімде берілген.



## Ақмола облысындағы күкірт қышқылы зауытын реконструкциялау

# «SSAP» ЖШС

**Жобаның мақсаты** - күкіртті қайта өңдеу және қазіргі заманғы технологияларды қолдану арқылы Қазақстан Республикасының химия өнеркәсібін дамыту.

**Орналасқан жері:** Ақмола облысы, Степногорск қаласы, өнеркәсіптік аймақ

**Өндірістік қуаты:** жылына 180 мың тонна

**Қызметі:** мұнай өңдеу кезінде алынған күкіртті өңдеу жолымен күкірт қышқылын өндіру

**Пайдалануға берілгені:** 2015 жылғы қазан

**Қызметкерлер саны:** 224 адам, оның ішінде 198- өндірістік персонал, 26 - ӘБП

**Қаржыландыру көзі:** «Самұрық-Қазына» АҚ қаражаты және қарыз қаражаты



### 2023 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Күкірт қышқылын өндіру көлемі, мың тонна

193,4


Күкірт қышқылын жөнелту көлемі, мың тонна

193,1



EBTIDA, млн. теңге

2 597,8



#### Қатысушылар:

- «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС
- "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ

## Жамбыл облысындағы глифосат формуляциясы кешені

# «ХИМ-плюс» ЖШС

**Жобаның мақсаты** - қазақстандық нарық үшін өсімдіктерді қорғау құралдарын (гербицидтерді) өндіру және өткізу

**Орналасқан жері:** Жамбыл облысы, Тараз Химпаркi АЭА

**Пайдалануға берілді:** 2019 жылғы қаңтар

**Деятельность:**

Жылына 2,9 млн. литрге дейін Глифосат (формулят) негізіндегі сұйық гербицидтер өндірісі

Жылына 1000 тоннаға дейін глифосат (формулят) негізіндегі түйіршікті гербицидтер өндірісі.

**Қызметкерлер саны:** 40 адам, оның ішінде 30 өндірістік персонал, 10 – ӘБП

**Қаржыландыру көзі:** «Самұрық-Қазына» АҚ қаражаты



### 2023 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ




Сұйық формулят глифосатының өндіріс көлемі, мың литр **37,5**

Сұйық глифосат формуляциясын өткізу көлемі, мың литр **180,9**



ЕВТІДА, млн. теңге **(1 017,6)**

### Қатысушылар:



■ «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС  
■ «Самрук-Қазына Инвест» ЖШС

## ҰИМТ АЭА инфрақұрылым объектілерін салу

# «KUS» ЖШС

Жобаның мақсаты – «ҰИМТ» АЭА өндірістік және жалпы зауыттық инфрақұрылым объектілерін салу

Орналасқан жері: Атырау облысы, ҰИМТ АЭА

### Іске асырылған инфрақұрылым жобалары :

- 310 МВт бу-газ турбины электр станциясының құрылысы (2019 ж. желтоқсан)
- «KEGOC» АҚ қажеттіліктері үшін 41 км 220 ӘЖ 2 желісін салу (2019 ж. шілде)
- Алаңшілік 2,8 км автожол салу (2019 ж. шілде)
- Суды тазарту және ағынды суларды тазарту қондырғысы 1-кезек (2021 ж. желтоқсан)
- Сыртқы сумен жабдықтау - 31 км магистральдық су құбыры (2021 ж. сәуір)
- Инженерлік желілер дәлізі (2021 ж. сәуір)

Қызметкерлер саны: 313 адам, оның ішінде 264 өндірістік персонал, 27 - ӘБП

Қаржыландыру көзі: республикалық бюджет және «Самұрық-Қазына» АҚ қаражаты



### 2023 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



Электр энергиясын өндіру көлемі, мегаватт сағ.

1 995 625,6




Су өндіру көлемі, м3

1 640 223

EBTIDA, млн. теңге

9 021,8

### Қатысушылар:



■ «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС  
 ■ «Полимер Продакшн» ЖШС

## 4 ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

2023 жылғы түсім 33,7 млрд теңге, өзіндік құны 26,5 млрд теңге болды, тиісінше 2022 жылғы көрсеткіштен 10% және 7%-ға төмен, КРІ ЖШС пайдалануға берілмегендіктен, сондай-ақ бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін қолайлы бағадағы шикізаттың болмауына сәйкес Полимер Продакшнның тоқтап тұруына байланысты. Осылайша 2023 жылы жалпы пайда 7,2 млрд теңгені құрады.

Әкімшілік шығыстар 3,3 млрд теңгені құрады, бұл KLPE-нің шығуына (2022 жылғы күзде) және КРІ-дегі үлестің төмендеуіне (2022 жылғы күзде 99%-дан 9,5%-ға дейін) байланысты 2022 жылға

қарағанда 27%-ға төмен, тиісінше 2023 жылдан бастап шоғырландырудан алып тасталды.

3,2 млрд теңге мөлшеріндегі қаржылық кірістер ҚР ҰБ депозиттік шоттары мен бағалы қағаздарына ақша қаражатын орналастыру есебінен алынды.

Қаржылық шығыстар 5,7 млрд теңгені құрады. Осы бап бойынша негізгі шығыстарды Қордың жеңілдікті қарыздары бойынша дисконттың амортизациясы және өзге де қарыздар бойынша пайыздар құрайды.

### 2021-2023 жылдардағы қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары, млн теңге

Атауы	2021	2022	2023
	Факт	Факт	Факт
Сатудан түскен кірістер	36 096	37 486	33 682
Сатудың өзіндік құны	-29 136	-28 577	-26 460
Жалпы пайда	6 960	8 909	7 222
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-4 081	4 518	3 302
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	1 151	745	1 281
Операциялық пайда (шығын)	1 728	3 646	2 638
Қаржылық кірістер	1 863	2 227	3 187
Қаржылық шығындар	-6 031	-6 017	-5 659

Атауы	2021	2022	2023
	Факт	Факт	Факт
(Шығын)/ бағамдық айырмашылықтан түскен кіріс	359	-956	-37
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорынның табысындағы/ (шығынындағы) үлесі	-219	31 587	-3 642
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған шығын, нетто	-2 542	-16 973	-8 835
Күтілетін кредиттік шығындар үшін резервті таза ұлғайту	-500	-102	-881
Басқа шығындар, нетто	-802	-2 151	-9 664
Жалғасып жатқан қызметтен салық салуға дейінгі пайда/ (шығын)	-6 145	11 261	-22 894
Табыс салығы бойынша үнемдеу/ (шығыс)	-468	422	-791
Жалғасып жатқан қызметтен бір жыл ішіндегі таза пайда / (шығын)	-6 613	11 683	-23 684
Тоқтатылған қызметтен бір жылға салық салғаннан кейінгі шығын	-32 182	-156 935	-
Бір жылдағы таза шығын	-38 795	-145 253	-23 684

Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы үлесі, бұл жағдайда КРІ-де 3,6 млрд теңгені құрады. 8,8 млрд теңге сомасындағы активтердің құнсыздануынан болған шығын мынадай компаниялардың құнсызданғанымен байланысты: Полимер Продакшн, ХИМ-плюс, Тараз ХимПарк АЭА және ҰИМТ АЭА.

Өзге шығыстар 9,7 млрд теңгені құрады, оның ішінде:

- 1) экологиялық айыппұл, сондай-ақ ақпа суларды жою жөніндегі резерв,
- 2) Полимер Продакшнның тоқтап қалуынан болған шығындар,
- 3) Хим-плюс тоқтап қалған кезеңде өндірістік жобалар бойынша материалдарды есептен шығару және негізгі құралдардың тозуы



## ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Есепті кезеңде Серіктестіктің жалпы табысы 38 004 млн. теңгені құрады. Сатудан түскен нақты кірістер 33 682 млн. теңге деңгейінде қалыптасты:

- Полимер Продакшн және ХИМ-плюс тарапынан өнімді сатудың болмауы алынбай қалған түсімнің елеулі мөлшеріне және өзіндік құны бойынша үнемдеуге әкелді.

2022 жылғы жалпы пайда бойынша теріс көрсеткіштерге байланысты БОПП желісінің тоқтап тұруы себебінен БОПП-пленканы сатудан түскен кірістер орындалмады және нәтижесінде шикізатты сатып алу мүмкіндігінің болмауы (геосаяси жағдай, баға демпингі, шығынға сату

айналымдағы ақша қаражатының жұмсалуына әкелді). 2023 жылы БОПП-пленканың қалдықтары қоймадан сатылды;

- Глифосат формуласын сатудан түскен кіріс 2022 жылы шикізатты 1 кг үшін 10 доллардан сатып алуға байланысты 2022 жылғы фактіден төмен болды, ал 2023 жылғы факті бойынша баға килограммына 3 долларды құрады, бұл бәсекелестер бағасының төмендеуіне және өндірілген өнімді сатудың мүмкін болмауына алып келді.

- Қызметтің қалған түрлері бойынша 2023 жылы түсімнің өсу динамикасы байқалады.

Атауы	2023ж.		2022ж.		Өзг., млн. теңгемен	Өзг., %-да
	жалпы шығындарға %-бен	млн. теңге	жалпы шығындарға %-бен	млн. теңге		
Шығындар, барлығы	100%	36 703	100%	39 857	-3 154	-8%
Өзіндік құн	72%	26 460	72%	28 577	-2 117	-7%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	9%	3 302	11%	4 518	-1 216	-27%
Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	3%	1 281	2%	745	536	72%
Қаржылық шығындар	15%	5 659	15%	6 017	-357	-6%

Шығыстардағы өзгерістер мынадай факторларға тасымалдау бойынша шығыстар өсті;

- полимерлік өнімді өткізудің болмауына байланысты өнімнің өзіндік құнының төмендеуі;

- темір жол қызметтері тарифтерінің өсуі себебінен

- жалпы және әкімшілік шығыстар 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,2 млрд. теңгеге төмендеді, негізінен КРІ ЖШС, КЛРЕ ЖШС және Силлено ЖШС тобынан шығу есебінен.



## ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Алдағы жылы біз еншілес компанияларымыздың өндірістік және қаржылық нәтижелерін барынша жақсартуға назар аударамыз және тәуекелдерді азайту және бизнесіміздің тұрақты өсуін қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмысты жалғастырамыз.

Келесі жылға арналған Даму стратегиясына сәйкес қызметтің түйінді бағыттары өндірістің операциялық тиімділігін, орнықты дамуын және әртараптандырылуын жақсарту болады. Біз осы мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық қажетті іс-шараларды іске асыруға ниеттіміз.

Еншілес кәсіпорындар бөлінісінде біз мыналарды жоспарлап отырмыз:

«ХИМ-плюс» ЖШС жобасы бойынша 2024 жылы біздің алдымызда бірқатар маңызды міндеттер тұр, оның ішінде инфрақұрылымды мемлекеттік меншікке беру процесін аяқтау, өтімді мүлікті шығарумен активті бәсекелі ортаға берудің оңтайлы нұсқасын таңдау, сондай-ақ инвесторлармен бірлескен жобалар мен жаңа өндірістер құру.

«SSAP» ЖШС жобасы бойынша 2024 жылға арналған негізгі міндеттер өндірістік бағдарламаны орындау, ғимараттар мен үй-жайларға жөндеу жұмыстарын жүргізу, өндіріс процестерін материалдық-техникалық жарақтандыруды жақсарту болады. 2024 жылы «SSAP» ЖШС өндірістік қуатын ұлғайту жөніндегі жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жөніндегі жұмыстарды екі есе аяқтау, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді бастау болжанып отыр.

«KUS» ЖШС жобасы бойынша 2024 жылы 4.0 ТЭН түзетуді аяқтау және инфрақұрылым объектілерінің жобалық-сметалық құжаттамасын, 165 МВт қосымша энергоблоқтың ТЭН-ін әзірлеу және «Мемсараптама» РМК оң қорытындысын алу жоспарлануда. Сондай-ақ инфрақұрылым нысандары бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау жоспарлануда.

«Бутадиен» ЖШС жобасы бойынша 2024 жылы құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау жоспарлануда. Келесі жылы біз өзіміздің Даму стратегиямызда айқындалған перспективалық бағыттармен байланысты жобаларды белсенді іске асыруды жоспарлап отырмыз.

Түркістан облысында қуаты 800 мың тонна күкірт қышқылын өндіру жобасы бойынша базалық жобалауды аяқтау жоспарлануда.

Сондай-ақ Ақтау қаласында аммоний сульфатын өндіру бойынша «ҚазАзот» АҚ-мен мәмілені құрылымдау және жобаның ТЭН-ін әзірлеуді бастау жоспарда бар.

Бұдан басқа біз құрамында күкірті бар құрылыс материалдарын жасау жөніндегі гуминдік биологиялық тыңайтқыштарды алу бойынша; топырақты неғұрлым құнарлы ететін күкірт негізіндегі құралды әзірлеу бойынша ҒЗТКЖ жобаларын іске асыруды жалғастырамыз.

Біз жоғарыда аталған жобаларды табысты іске асыруға бағытталғанбыз, өйткені олардың біздің Компания үшін және елдің химия саласын дамыту үшін стратегиялық маңызы бар.

Біз жаңа перспективалы жобаларды табысты іске асыру үшін серіктестерді тартуға ұмтыламыз. Басқа компаниялармен және ұйымдармен әріптестік біздің мүмкіндіктерімізді едәуір кеңейтіп, қойылған мақсаттарға қол жеткізуді жеделдетуі мүмкін деп есептейміз.

Біз өзара сенімге негізделген өзара тиімді және ұзақ мерзімді әріптестік қарым-қатынастар құруға ұмтыламыз.

# Тиімді басқару

Қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін Компания корпоративтік басқару жүйесін және шешімдер қабылдау процестерін ұдайы жетілдіруді басымдыққа алады. Бұл тұрғыда инновациялық тәсілдер мен технологияларды енгізуге елеулі назар аударылады, бұл ішкі рәсімдер мен бақылау тетіктерін нығайтуға ықпал етеді. Осы мақсатта Компания үздік практикалардың әлемдік стандарттарына сәйкес корпоративтік басқару деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар стратегиялық маңызды бастамаларды белсенді іске асыруда.

Дамудың түйінді бағыттарының ішінде басқару құрылымын оңтайландыру ерекшеленеді, ол ұйымдық иерархия ішіндегі рөлдер мен міндеттерді қайта қарауды, сондай-ақ әртүрлі бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуді көздейді. Шешім қабылдау процесін жақсарту үшін Компания өзекті және шынайы ақпаратқа жедел қол жеткізуді, сондай-ақ оны нақты уақыт режимінде талдамалық өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін кешенді ақпараттық жүйелерді әзірлеуге және енгізуге ерекше назар аударады.

Компанияда корпоративтік басқару әділдіктің, адалдықтың, жауапкершіліктің, ашықтықтың, кәсібиліктің және құзыреттіліктің іргелі қағидаттарына негізделеді. Қызметкерлерді тартуға және оларда ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін жеке жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал ететін корпоративтік мәдениетті дамыту маңызды аспект болып табылады. Компания акционерлерді, клиенттерді, әріптестерді және тұтастай алғанда қоғамды қоса алғанда, барлық мүдделі тараптармен тиімді диалог орнатуға үлкен мән береді, бұл нарықтағы сенім деңгейін арттыруға және беделін нығайтуға ықпал етеді.

Жетілдіруге ұмтылу шеңберінде Компания өз қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және кәсіби дағдыларын дамыту үшін де белсенді жұмыс істеуде. Корпоративтік басқару және сабақтас пәндер саласындағы өзекті үрдістерге оқытуға бағытталған тренингтер, семинарлар және біліктілікті арттыру курстары тұрақты түрде өткізіледі. Мұндай тәсіл қызметкерлердің жеке басының өсуіне ықпал етіп қана қоймай, тұтастай алғанда Компанияның бәсекеге қабілеттілігін нығайтады.



## ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫ



«SK Ondeu» ЖШС «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес компаниясы, сондай-ақ ол компанияның Жалғыз қатысушысы. Бұл Компаниядағы барлық шешімдер Жалғыз қатысушының мүддесінде ғана қабылданатынын білдіреді.

Компания процестердің тиімділігін арттыру, неғұрлым жетілдірілген технологияларды дамытуға инвестициялардың өсуі, еңбек өнімділігін арттыру, экологиялық тұрғыдан қолайлы өнім құру және персонал үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру арқылы қызметтің ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуының өсуін қамтамасыз етуге

ұмтылады.

«SK Ondeu» ЖШС мен Жалғыз қатысушы арасындағы өзара қарым-қатынас адалдыққа, есептілікке, жауапкершілікке және ашықтыққа негізделген. Компания Жалғыз қатысушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз ете отырып, оның мүдделерін сақтауға тырысады. Ол сондай-ақ қызметтің басым міндеттері мен стратегиялық бағыттарын айқындау, сондай-ақ Компанияның мақсаттарына сәйкес олардың іске асырылуын қамтамасыз ету үшін Жалғыз қатысушымен ынтымақтасуға ұмтылады.

### Жалғыз қатысушымен маңызды келісімшарттар

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ның қазіргі уақытта «Самұрық-Қазына» АҚ-ның алдында 2 қарызы бар:

1) ЕТҰ-ға қатысу үлесін сатып алу үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-дан қарыз қаржыландыруды тарту.


Қарыз сомасы 56 700 млн. теңге, кредиттік шартты жасасу күні 13.06.2018 ж. Өтеу мерзімі 13.06.2043 ж.г.

2) ЕДБ алдындағы ағымдағы валюталық берешекті қайта қаржыландыру мақсатында ЕТҰ-ға қарыз беру үшін «Самұрық-Қазына» АҚ-дан қарыз қаржыландыруды тарту.

Кредиттік желі 9 100 млн. теңге, жасалған күні 15.12.2017 ж., өтеу мерзімі транштар бойынша сараланған, соңғысы 31.12.2032 ж. пайыздар капиталдандырылмайды. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы негізгі борыштың қалдығы 4 млрд. теңге.

# ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Ұйымдық құрылым «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС Байқау кеңесінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен бекітілген (№ 26/23 хаттама)



## БАЙҚАУ КЕҢЕСІ

SKO Байқау кеңесі стратегиялық міндеттерді айқындаумен айналысады және Серіктестік қызметінің нәтижелеріне ағымдағы мониторинг пен бағалауды қоса алғанда, бақылаудың қажетті тетіктерін қамтамасыз етеді.

Байқау кеңесі барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеретін және орнықты даму қағидаттарына сәйкес келетін шешімдер қабылдай отырып, қызметтің ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етеді.

2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Байқау кеңесі 4 адамнан - Байқау кеңесінің төрағасы мен үш мүшесінен тұрады.

### КОРОТКОВ ИВАН ФЕДОРОВИЧ

«SK Ondeu» ЖШС  
Байқау кеңесінің  
төрағасы



### ХАШИЕВА ЛИДИЯ МАГОМЕДОВНА

«SK Ondeu» ЖШС  
Байқау кеңесінің  
мүшесі



### ӘБДУРЕХМЕНОВ НҰРХАН БЕКДӘУЛЕТҰЛЫ

«SK Ondeu» ЖШС  
Байқау кеңесінің  
мүшесі



### ЗЕЙНУЛЛИН ӘБДІКӘРІМ ӘБЖӘЛЕЛҰЛЫ

«SK Ondeu» ЖШС  
Байқау кеңесінің  
мүшесі



## БАЙҚАУ КЕҢЕСІ

### КОРОТКОВ ИВАН ФЕДОРОВИЧ



**Қазіргі уақытта басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі/Байқау кеңестеріндегі жұмысы және мүшелігі:**  
•«SSAP» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі  
•«Тау-Кен Алтын» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі

**Сайланған күні:** 22.02.2024 ж.

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

- 2005-2010 жж. - И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, мұнай және газ кен орындарын әзірлеу және пайдалану, инженер
- 2010-2012 жж. - И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университеті, теңіз бұрғылау, магистр
- 2012-2014 жж. - Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университеті, менеджмент

**Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылда):**

- 07/2023 ж. - қазіргі уақытқа дейін - «Самұрық-Қазына» АҚ Мұнай-газ активтері департаментінің директоры;
- 02/2022 ж. -07/2023 ж. - «Самұрық-Қазына» АҚ мұнай-газ активтері секторының аға менеджері;
- 09/2021 ж. - 02/2022 ж. - «Самұрық-Қазына» корпоративтік университеті «Мұнайгаз» дирекциясының аға менеджері;
- 07/2020 ж. - 09/2021 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ кен орындарын игеру және кәсіпшілік геология басқармасының жетекші инженері
- 11/2019 ж. - 07/2020 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай және газ өндіру департаментінің жетекші инженері
- 06/2018 ж. - 02/2019 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ активтерді басқару департаментінің жетекші маманы

### ХАШИЕВА ЛИДИЯ МАГОМЕДОВНА



**Қазіргі уақытта басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі/Байқау кеңестеріндегі жұмысы және мүшелігі :**  
•«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі

**Сайланған күні:** 27.07.2023 гж

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

- 1996-2001 жж. – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, экономист-менеджер
- 2012 ж. – Дьюк университеті, Дюрхам қаласы, АҚШ, ҚР ҚМ Салық комитетіне арналған салық жүйесін басқару жөніндегі оқыту бағдарламасы

**Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылда):**

- 02/2022 ж. - қазіргі уақытқа дейін «Самұрық-Қазына» АҚ бухгалтерлік есеп, қаржылық және салық есептілігі департаментінің салық салу секторының басшысы
- 12/2021 ж. - 02.2022 ж. - «Самұрық-Қазына» АҚ салық салу департаментінің директоры
- 02/2020 ж. - 12/2021 ж. - ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті Ірі салық төлеушілер департаментінің Көлденең мониторинг басқармасы басшысының орынбасары 11/2016 ж. - 02/2020 ж. - ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитеті Аудит департаменті салық аудиті басқармасы басшысының орынбасары

## БАЙҚАУ КЕҢЕСІ

### ЗЕЙНУЛЛИН ӘБДІКӘРІМ ӘБЖӘЛЕЛҰЛЫ



**Сайланған күні: 19.01.2023 ж.**

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

1979 жылы Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтын, Тау-кен факультетін (Тау-кен инженері) бітірген. 1985 -1989 жж. - Мәскеу тау-кен институтының аспирантурасы, Мәскеу қаласы, техника ғылымдарының кандидаты

Ғылыми дәрежесі: 1996 жыл - техника ғылымдарының докторы, 1998 жыл - профессор

**Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылда):**

2016 ж. - қазіргі уақытқа дейін - Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының бас ғылыми хатшысы, вице-президенті.

**Қазіргі уақытта басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі/Байқау кеңестеріндегі жұмысы және мүшелігі:**

•Тәуелсіз директор, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

### ӘБДУРЕХМЕНОВ НҰРХАН БЕКДӘУЛЕТҰЛЫ



**Сайланған күні: 07.12.2023 ж.**

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

2020-2023 жж. – «Экономика жоғары мектебі» ұлттық зерттеу университеті, деректер ғылымдары магистрі

2009-2010 жж. - University of York, қаржы математикасы магистрі

2001-2007 жж. - Московский Государственный Экономика, статистика және информатика университеті, Экономикадағы қолданбалы информатика бойынша маман

**Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылда):**

11/2022 ж. - қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаментінің директоры;

04/2018 - 10/2022 – KPMG Инвестициялар және капитал нарығы бөлімінің менеджері;

09/2016 ж. - 04/2018 ж. – «Самұрық-Қазына» АҚ жаңа инвестициялар департаментінің аға менеджері.

**Қазіргі уақытта басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі/Байқау кеңестеріндегі жұмысы және мүшелігі:**

•Kazakhstan Energy Reinsurance Company Ltd. (EC) Байқау кеңесінің мүшесі;

•«QazCloud» ЖШС Байқау кеңесінің мүшесі.





# ҚЫЗМЕТ БАЙҚАУ КЕҢЕСІ

## Байқау кеңесі құрамындағы өзгерістер

2023 жылғы 4 қаңтарда «Самұрық-Қазына» АҚ инвестициялар және бизнесті қолдау департаментінің директоры Әмір Мерболатұлы Түсіпов Серіктестіктің Байқау кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.

2023 жылғы 19 қаңтарда Әбдікәрім Әбжәлелұлы Зейнуллин Серіктестіктің Байқау кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.

2023 жылғы 27 шілдеде Серіктестіктің Байқау кеңесінің мүшелері болып «Самұрық-Қазына» АҚ бизнестің бухгалтерлік есебі, қаржылық және салық есептілігі департаментінің салық салу секторының басшысы Лидия Магомедовна Хашиева, «Самұрық-Қазына» АҚ мұнай-газ активтері департаментінің директоры Иван Федорович Коротков тағайындалды. Әмір Мерболатұлы Түсіпов Байқау кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. Бұл ретте Мұхтар Өтепқалиұлы Тәжіғалиевтің Байқау кеңесінің төрағасы ретінде және Салтанат Ерболқызы Сәтжанның БК мүшесі

## Байқау кеңесінің 2023 жылғы жылдық жоспарын орындау

Серіктестіктің Байқау кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары Байқау кеңесінің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен (№ 22/22 хаттама) бекітілген және 42 тармақтан тұрады.

-39 тармақ орындалды,

-3 тармақ орындалуда және 2024 жылғы қаңтар-ақпанда Серіктестіктің Байқау кеңесінің қарауына шығарылады.

Серіктестіктің Байқау кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарында көзделген мерзімде

ретінде өкілеттіктері тоқтатылды.

2023 жылғы 7 желтоқсанда БК төрағасы болып «Самұрық-Қазына» АҚ стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директоры Елжас Мұратұлы Отыншиев, Байқау кеңесінің мүшесі - «Самұрық-Қазына» АҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаментінің директоры Нұрхан Бекдәулетұлы Әбдурехменов тағайындалды. Әмір Мерболатұлы Түсіпов пен Иван Федорович Коротковтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2024 жылғы 22 ақпанда Иван Федорович Коротков Серіктестіктің Байқау кеңесінің төрағасы болып тағайындалды, Елжас Мұратұлы Отыншиевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2024 жылғы 6 наурызда Иван Федорович Коротков, Л.М. Хашиева және Н.Б. Әбдурехменов БК төрағасы болып қайта сайланды.

шығарылмаған мәселелер Серіктестіктің Тексеру комиссиясының есептілігіне қатысты.

2023 жылы Байқау кеңесі 26 отырыс өткізіп, 133 мәселе қарады.

Байқау кеңесінің 2023 жылғы жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп 2024 жылғы 26 ақпанда Байқау кеңесінің отырысында қаралды (№ 01/24 хаттама).

## Байқау кеңесі отырыстарына Байқау кеңесі мүшелерінің қатысу статистикасы.

№	БК мүшесінің аты-жөні	Отырыстар саны	Қатысқан отырыстардың саны	Отырыстарға қатысу пайызы
1.	Тәжіғалиев М.У.	13	11	84,6%
2.	Сәтжан С.Е.	13	13	100%
3.	Түсіпов А.М.	10	10	100%
4.	Коротков И.Ф.	10	10	100%
5.	Хашиева Л.М.	12	11	91,6%
6.	Зейнуллин А.А.	26	26	100%

## Өткізілген БК отырыстары бойынша ақпарат

2023 жылы БК отырыстарының саны	БК бетпе-бет/сырттай отырыстарының саны	БК отырыстарының орташа ұзақтығы	БК күн тәртібіндегі сұрақтардың орташа саны	БК отырыстарының күн тәртібіндегі мәселелерді талқылаудың орташа ұзақтығы
26	12 бетпе-бет және 14 сырттай	118 минут	5 133 сұрақтың 99-ы жеке қаралды (74,4%)	15 минут

Жылы	Бетпе-бет	Сырттай	Жиыны
2021	18	6	24
2022	17	7	24
2023	12	14	28

# БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ

Байқау кеңесінің, Байқау кеңесі төрағасының, мүшелерінің және Серіктестіктің Корпоративтік хатшысының 2023 жылғы қызметін өзін-өзі бағалау туралы есеп корпоративтік басқару саласындағы халықаралық практиканы ескере отырып, сондай-ақ Серіктестіктің Жарғысына, Серіктестіктің Байқау кеңесі туралы ережеге және Серіктестіктің Корпоративтік басқару кодексiне сәйкес дайындалды. Есеп Байқау кеңесінің шешімімен мақұлданды.

Байқау кеңесі өз қызметін көбінесе бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Серіктестіктің Байқау кеңесінің жұмыс жоспары Байқау кеңесінің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен (№ 22/22 хаттама) бекітілді және 42 тармақтан тұрады, оның ішінде:

- 39-тармақ орындалды,
- 3-тармақ орындалуда және 2024 жылғы қаңтар-ақпанда Серіктестіктің Байқау кеңесінің қарауына шығарылатын болады.

Байқау кеңесінің 2023 жылғы жұмыс жоспарының орындалуы туралы есеп 2024 жылғы 26 ақпанда Байқау кеңесінің отырысында қаралды (№ 01/24 хаттама).

2023 жылы Байқау кеңесі 26 отырыс өткізді, оның 14-і сырттай, 133 мәселе қаралды, оның 99-ы бетпе-бет қаралды.

Өткен жылы жүргізілген өзін-өзі бағалаудың нәтижелері бойынша Байқау кеңестің күш-жігерін 2022 жылы шоғырландыру қажет болатын қызметтің мынадай бағыттары айқындалды:

- ESG қағидаттарын ілгерілетуді қоса алғанда, Серіктестіктің 2023-2032 жылдарға арналған даму стратегиясының іске асырылуын бақылау;
- Серіктестіктің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметін бақылау;

- Тексеру комиссиясының комплаенс және жұмыс саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу;
- Серіктестіктің ұйымдық құрылымын өзектендіру және кандидаттары Серіктестіктің Байқау кеңесі міндетті түрде келісуге жататын CEO-2 лауазымдарының тізбесін бекіту;
- Байқау кеңесінің мүшелерін оқыту.

Байқау кеңесі барлық негізгі бизнес-шешімдерге белсенді түрде тартылған. 2023 жылы жобаларды іске асыру, оның ішінде қаржыландыру, қаржылай көмек бөлу мәселелері қаралды.

Әрбір отырыстың алдында жобаларды іске асыру мәселелері бойынша CEO тыңдау, Серіктестіктің бақылауындағы сыртқы және ішкі факторларға баса назар аударып отырып, ауытқулардың түпкі себептеріне талдау, Серіктестік Басқармасы ұсынатын теріс факторларды жою жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

Сондай-ақ әрбір бетпе-бет отырыстың алдында CFO есебі тыңдалады, онда сатылған өнімнің кірістері, өзіндік құны, ЖӘШ, EBITDA, қаржылық нәтижелері, ақша қаражатының қозғалысы және Серіктестіктің ағымдағы міндеттемелері туралы ақпарат көрсетіледі.

Серіктестіктің стратегиялық міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ басым міндеттерге шоғырлануды күшейту үшін Байқау кеңесі жыл сайын қызметтің уәждемелік түйінді көрсеткіштерін (бұдан әрі – ҚТК) бекітеді, оларда, оның ішінде Жалғыз қатысушының басым міндеттері мен күтулері де каскадталады.

Басқарма мүшелерінің уәждемелік ҚТК-сын Байқау кеңесі жоспарланған жыл басталғанға дейін бекітеді. Түйінді инвестициялық жобаларды іске асыру және аяқтау үшін Басқарма мүшелерінің нақты есептілігі белгіленді.

2021 жылғы 26 сәуірде Серіктестіктің Жалғыз қатысушысының шешімімен (№ 17/21 хаттама) Байқау кеңесінің құрамы өкілеттік мерзімі – 3 жыл болып бекітілді. Серіктестік қызметінің көлемін ескере отырып, Байқау кеңесі мүшелерінің құрамы оңтайлы.

2023 жылы Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің құрамында өзгерістер болды, Серіктестіктің Байқаушы кеңесінің төрағасы үш рет қайта сайланды (М.У. Тәжіғалиев, А.М. Түсіпов, Е.М. Отыншиев). Өзін-өзі бағалауды өткізу шеңберінде Байқау кеңесі мүшелері сауалнамаларға сәйкес тиімділікті өзара бағалау (360 сауалнама) жүргізді.

Өзін-өзі бағалауды өткізу шеңберінде Байқау кеңесі мүшелері сауалнамаларға сәйкес тиімділікті өзара бағалау (360 сауалнама) жүргізді.

Сауалнама Серіктестіктің Байқау кеңесінің 2018 жылғы 4 мамырдағы (№ 03/18 хаттама) шешімімен бекітілген Серіктестіктің Байқау кеңесінің, Байқау кеңесі төрағасының, мүшелерінің және Байқау кеңесі хатшысының қызметін бағалау жөніндегі әдістемемен бекітілген нысан бойынша жүргізілді.

Сауалнама қорытындысы бойынша Байқау кеңесі мүшелері 35 мүмкіндіктің 32, 34,5 және 34,5 орташа балын алды. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес Байқау кеңесінің мүшелері отырыстарға жақсы дайындықты жүзеге асырады және командалық жұмысқа дайын.

Сауалнамаға қатысқандардың пікірінше, Байқау кеңесінің бұрын берген тапсырмалары, CEO және CFO есептерінде проблемалық мәселелерді (оның ішінде ықтимал тәуекелдер бойынша) көрсету бойынша ақпарат, сондай-ақ бір жылға арналған болжамдар жақсартуды талап етеді.

Тұтастай алғанда, Байқау кеңесі өзінің көзқарастары мен бағалауларында өзін жеткілікті сыни, бірақ әділ басқару органы ретінде бағалады.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша 2024 жылы Байқау кеңесінің күш-жігерін шоғырландыру қажет болатын қызметтің мынадай бағыттары айқындалды:

- ESG қағидаттарын ілгерілетуді қоса алғанда, Серіктестіктің 2023-2032 жылдарға арналған даму стратегиясының іске асырылуын бақылау;
- операциялық мәселелерге уақытты жоғалтпай, стратегиялық маңызды мәселелерді шешуге бағытталуы;
- Серіктестіктің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметін бақылау;
- 2024 жылы Байқау кеңесінің қызметіне сыртқы бағалау жүргізуді қамтамасыз ету;
- Байқау кеңесінің мүшелерін оқыту.

## БАСҚАРМА

**2023 жылы Басқарма құрамында мынадай өзгерістер болды:**

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 23 маусымдағы № 35/22 және 2022 жылғы 19 шілдедегі № 39/22 шешімдерімен SKO Басқармасының төрағасы болып М.Н. Шералы сайланды.

Қор Басқармасының 2022 жылғы 30 маусымдағы № 36/22 шешімімен Басқарма құрамына А.Ж. Қапасова сайланды.

«Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі - Қор) Басқармасының 2023 жылғы 25 мамырдағы № 25/23 шешімімен Басқарманың өкілеттік мерзімі 2 (екі) жыл болатын 4 (төрт) адамнан тұратын жаңа құрамы сайланды:

- Данияр Нұрланұлы Мәулетов – Басқарма төрағасы;
- Мейір Нұртайұлы Шералы – Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;
- Жандос Бақбергенұлы Оразалиев – Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
- Нұржан Төлегенұлы Әшімов – Қаржыландыру және жоспарлау

департаментінің директоры, Қаржы жөніндегі басқарушы директордың м.а. «Самұрық-Қазына» АҚ (бұдан әрі - Қор) Басқармасының 2023 жылғы 2 қарашадағы № 53/23 шешімімен биылғы 6 қарашадан бастап М.Н. Шераланың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Басқарма мынадай құрамда 3 адамнан тұрады:

- Данияр Нұрланұлы Мәулетов – Басқарма төрағасы;
- Жандос Бақбергенұлы Оразалиев – Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
- Нұржан Төлегенұлы Әшімов – Қаржыландыру және жоспарлау департаментінің директоры, Қаржы жөніндегі басқарушы директордың м.а.

### ДАНИЯР НҰРЛАНҰЛЫ МӘУЛЕТОВ

Басқарма төрағасы



### ЖАНДОС БАҚБЕРГЕНҰЛЫ ОРАЗАЛИЕВ

Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі



### НҰРЖАН ТӨЛЕГЕНҰЛЫ ӘШІМОВ

Қаржыландыру және жоспарлау департаментінің директоры, Басқарма мүшесі



## БАСҚАРМА

### ДАНИЯР НҰРЛАНҰЛЫ МӘУЛЕТОВ



### «SAMRUK-KAZYNA ONDEU» ЖШС БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

**Сайланған күні: 2023 жылғы 26 мамыр**

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

2001 ж. – Қазақ мемлекеттік заң академиясы, заңгер;  
2006 ж. – Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, қаржы бакалавры;  
2015 ж. - Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, техника және технологиялар бакалавры;  
2018 ж. – «Алматы Менеджмент Университеті» БМ, іскерлік әкімшілік магистрі.

**Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылда):**

05/2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін - «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС Басқарма төрағасы;  
02/2022 ж. – 05/2023 ж. - «KTZ Express» АҚ «KTZE Commerce» филиалының директоры;  
05/2019 ж. – 02/2022 ж. – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары;  
12/2018 ж. – 03/2019 ж. – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Жедел-ізвестіру қызметі департаментінің директоры.

### ЖАНДОС БАҚБЕРГЕНҰЛЫ ОРАЗАЛИЕВ



### «SAMRUK-KAZYNA ONDEU» ЖШС БИЗНЕСІ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

**Сайланған күні: 2023 жылғы 02 наурыз**

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

2008 ж. – Robert Gordon University магистратурасы (Шотландия);  
2001 ж. – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, мамандығы: халықаралық қатынастар.

**Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылда):**

02/2024 ж. – қазіргі уақытқа дейін - «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі;  
03/2023 ж. – 02/2024 ж. - «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі;  
11/2020 ж. – 07/2022 ж. – Borkit Oiltech бас директоры;  
05/2019 ж. – 11/2020 ж. – Hydratight Kazakhstan бас директоры;  
05/2017 ж. – 05/2019 ж. – «Kazakh Invest» ұлттық компаниясы» АҚ басқарушы директоры.

## БАСҚАРМА

### НҰРЖАН ТӨЛЕГЕНҰЛЫ ӘШІМОВ



**Сайланған күні: 2023 жылғы 26 мамыр**

**Азаматтығы:** Қазақстан Республикасы

**Білімі:**

2006 ж. – М.В. Ломоносов атындағы ММУ,  
экономика бакалавры.

**Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылда):**

05/2023 ж. – қазіргі уақытқа дейін - «Samruk-  
Kazyna Ondeu» ЖШС қаржыландыру және  
жоспарлау департаментінің директоры,  
Басқарма мүшесі;

2013-2017 жж. – Экономика және жоспарлау  
департаментінің аға менеджері;

Сондай-ақ «Astana Innovations» АҚ-да  
жобалау менеджері;

және «КОРЭМ» АҚ экономика және  
жоспарлау департаментінің менеджері  
болып жұмыс істеді.

**ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ  
ЖОСПАРЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ  
ДИРЕКТОРЫ, БАСҚАРМА  
МҮШЕСІ**



## БАСҚАРМАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

2023 жылы «SK Ondeu» ЖШС Басқармасы 55 отырысына шығарумен қаралды, 40 мәселе «SK Ondeu» ЖШС ЕТҰ ішінде 87 мәселе кейіннен Байқау кеңесінің акционерлерінің/қатысушыларының жалпы жиналысында (АЖЖ/ҚЖЖ) қаралды..

### Басқарманың 2020-2023 жылдары өткізілген отырыстарының саны


Жыл	Бетпе-бет	Сырттай	Жиыны
2020	42	0	42
2021	20	22	42
2022	57	3	60
2023	55	0	55

Жалғыз қатысушының, Байқау кеңесінің, Инвестициялық-стратегиялық комитеттің және ЕТҰ АЖЖ/ҚЖЖ құзыреті шеңберінде қарауына енгізілетін мәселелерді Басқарма алдын ала қарап, мақұлдады.

Олардың ішінде негізгі блок еншілес және тәуелді ұйымдардың жобалары бойынша сұрақтар ұсынылған, оларды іске асыруға «SK Ondeu» ЖШС қатысады.

Төменде салалар бойынша қаралған мәселелердің құрылымы берілген:

### Басқарма 2023 жылы қараған мәселелердің құрылымы



### Басқарманың қызметін бағалау және сыйақы

Атқарушы органға сыйақы мөлшері «SK Ondeu» ЖШС Байқау кеңесінің шешімімен айқындалады. Басқарма төрағасы мен мүшелеріне сыйақы мөлшерін айқындау схемасы мынадай талаптарға сәйкес келеді:

- сыйақы тұрақты (әрбір лауазымның дәрежесін ескере отырып) және ауыспалы бөліктерден тұрады;
- сыйақының ауыспалы бөлігі Басқарма төрағасы мен мүшелері қызметінің түйінді көрсеткіштеріне байланысты;
- Басқарма төрағасы мен мүшелеріне әлеуметтік қолдау, кепілдіктер және өтемақы төлемдері заңнамаға, компанияның ішкі құжаттарына және еңбек шартына сәйкес жүзеге асырылады.

«SK Ondeu» ЖШС-да «SK Ondeu» ЖШС Басқарма нәтижелілігін басқару жүйесінің тұрақты мониторингі жүргізіледі, бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы қол жеткізілген табыстары үшін материалдық көтермелеу және қызметтің түйінді көрсеткіштерін орындау нәтижелері бойынша Басқарма төрағасы мен мүшелеріне жұмыс тиімділігін арттыру және даму стратегиясында айқындалған қойылған мақсаттарды орындау тиімділігін бағалау мақсатында төленуі мүмкін.

## Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру

## Корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану

SKO бизнестің тұрақты өсуіне қол жеткізу үшін және басқару мен инвестициялар саласында салмақты шешімдер қабылдау үшін негіз қалаушы элемент ретінде қабылдай отырып, корпоративтік басқаруды жақсартуға салмақты қарайды. Ең үздік жаһандық тәжірибелерді үлгі ретінде ала отырып, біз тәуекелдерді сапалы басқаруды, сенімді ішкі бақылау жүйесін құруды, ақпаратқа қол жеткізуді жеңілдетуді және біздің Компанияның беделді мәртебесін арттыруды қамтамасыз ете отырып, біздің басқару жүйемізді ұдайы жетілдіруге ұмтыламыз.

Біздің мақсатымыз – корпоративтік басқару саласындағы үздіксіз даму, бұл Жалғыз қатысушының, серіктестердің және басқа да мүдделі тұлғалардың құқықтарын қатаң сақтауды білдіреді. Біз Компанияның әртүрлі басқару деңгейлері мен бөлімшелері арасындағы міндеттер мен өкілеттіктерді нақты саралаймыз, Байқау кеңесі мен Атқарушы органның жұмысын күшейтеміз. Біз корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығыстарының туындауын болдырмаймыз, басқару есептілігі тетіктерін жетілдіреміз және Корпоративтік басқару кодексі қағидаттарына сәйкес корпоративтік басқару саласында озық практикаларды енгізуге ұмтыламыз.

Ақпараттық ашықтық рухында біз мүдделі тараптар үшін маңызды ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етеміз. Біз басшылықтың сыйақыларына қатысты ашық саясат пен рәсімдерді қолдаймыз, GRI және ХҚЕС стандарттарына сәйкес қаржылық есептілікті және орнықты даму жөніндегі есепті қоса алғанда, жылдық есепті жариялаймыз.

2023 жылы Компанияда «SK Ondeu» ЖШС ESG көрсеткіштерін енгізу (жақсарту) жөніндегі іс-шаралар жоспары жұмыс істеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша бұл жоспар толығымен іске асырылды.

2023 жылы Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің тәуелсіз диагностикасы жүргізілген жоқ, тиісінше корпоративтік басқару рейтингі берілген жоқ. Соңғы диагностика 2018 жылы жүргізілді, оның қорытындысы бойынша «SK Ondeu» ЖШС «В» деңгейінде корпоративтік басқару рейтингі берілді.

«SK Ondeu» ЖШС барлық органдардың, лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің сақтауы үшін міндетті ережелер мен нормаларды қамтитын Корпоративтік басқару кодексінің басшылыққа алады.

Корпоративтік хатшы Кодексті сақтау мәселелері бойынша мониторингті жүзеге асырады және Байқау кеңесі мен Басқармаға консультация береді. Жыл сайын Кодекс қағидаттарының сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындалады, ол мынадай санаттарды қамтиды:

- Қор акционері ретінде үкімет;
- Қор мен ұйымдардың өзара іс-қимылы;
- Тұрақты даму;
- акционерлердің құқықтары және оларға әділ көзқарас;
- БК және атқарушы органның тиімділігі;
- тәуекелдерді басқару;
- ішкі бақылау және аудит;
- айқындылық.

2023 жылы «SK Ondeu» ЖШС Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігіне өзіндік бағалау жүргізді. Өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы есеп осы жылдық есепке 1-қосымшада қамтылған. 75 қағидаттың ішінен компания қызметі 58 қағидатқа сәйкес келеді, 3 қағидат ішінара сәйкес келеді, 14 қағидат компания қызметіне қолданылмайды.

## РЕВИЗИЯЛЫҚ КОМИССИЯ

Тексеру комиссиясының қызметі Халықаралық ішкі аудиторлар институты (The IIA) әзірлеген Ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздеріне (КПХН, (IPPF)) сәйкес жүзеге асырылады.

Тексеру комиссиясы қызметінің негізгі мақсаты – Жалғыз қатысушыға және Байқау кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру.

Тексеру комиссиясы Компанияның Байқау кеңесіне, әкімшілік-Компанияның Басқармасына ұйымдық тұрғыдан бағынады және функционалдық тұрғыдан есеп береді. Тексеру комиссиясының жылдық жұмыс жоспарын Компанияның Байқау кеңесі қарайды және бекітеді. Тексеру комиссиясының қызметін бағалауды Компанияның Байқау кеңесі жүзеге асырады.

2023 жылы Тексеру комиссиясы Компанияның Байқау кеңесінің шешімімен бекітілген 2023 жылға арналған жылдық жұмыс жоспарында көзделген тапсырмаларды толық көлемде орындады: жоспарланған 11 тапсырманың 11-і. Тексеру комиссиясы өз функцияларын орындау кезінде Компанияның Байқау кеңесіне өзінің ұйымдық тәуелсіздігін және ресурстарда ішкі аудит қызметіне шектеулердің ықпалының жоқтығын растайды.

Компанияның Байқау кеңесінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы шешімімен 11 тексеру тапсырмаларын орындауды көздейтін Тексеру комиссиясының 2024 жылға арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілді.





# ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Компанияда орнықты даму қағидаттарын үздіксіз ұстану жүйесі енгізілді, мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімі сақталады, ұзақ мерзімді перспективада құнның орнықты ұлғаюына және бәсекеге қабілеттіліктің артуына қол жеткізуге мүмкіндік беретін басқаруда тәуекелге бағдарланған тәсіл қолданылады.

Компанияда **тәуекелдерді басқару процесі** стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге әлеуетті қауіп-қатерлерді барынша азайтуға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері бизнестің құндылығын арттыру үшін үздіксіз жетілдірілуде.

Процеске мынадай кезеңдер кіреді:

- тәуекелдерді анықтау және құжаттау;
- әрбір тәуекелді айқындау, сапалық және сандық бағалау (оның ішінде жіктеу);
- тәуекелді төмендету/тәуекелді басқару стратегияларын әзірлеу және енгізу;
- мониторинг, есептілік және тәуекелді талдау;
- ішкі бақылаудың тиімді рәсімдерін енгізу және оларды жетілдіру.

Компанияның Байқау кеңесі мен Басқармасы Компанияның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы саясаты мен рәсімдерін белгілейді және олардың тиімділігін талдау үшін жауапты болады.

**Тәуекелдерді анықтау.** Тәуекелдерді есепке алудың маңыздылығын ұғыну Компанияның ЕТҰ корпоративтік басқару мәдениетінің бір бөлігі және оның этикалық құндылықтары жүйесінде бекітілген. Компанияның Байқау кеңесі Компанияның басшылығы, қызметкерлері және мүдделі тұлғалары қызметтің барлық аспектілерінде - стратегияны әзірлеуден бастап күнделікті операцияларға дейін қатаң ұстанатын тәуекелдерді басқару философиясын («жоғарыдан ықпал») айқындайды. Компания басшылығы қызметкерлердің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау рәсімдерін енгізуді қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару Компания Басқармасының негізгі функцияларының бірі. Басқарма стратегиялық тәуекелдерді Компания жұмысын және оның қызметінің барлық салаларын - нарықтық, құқықтық, әлеуметтік, саяси, экономикалық, технологиялық, табиғат қорғау және мәдени салаларын терең және жан-жақты түсіну негізінде анықтайды. Біздің тәуекелдерді анықтау жүйесі тек жалғыз, бір-бірін жоққа шығаратын тәуекелдерді ғана емес, сонымен қатар көптеген, байланысқан және байланысқан тәуекелдерді де қамтиды.

Тәуекелдерді басқару процесінде тәуекелдердің әрқайсысын есепке алу, пиритизациялау және қадағалау үшін Тәуекелдер картасы (матрица) және ішкі бақылау рәсімдері пайдаланылады. Оларды Тәуекелдер комитеті үнемі талдап отырады..

**Тәуекелді бағалау.** Тәуекелдердің анықталуына қарай олардың Компания қызметіне әсерін (шығынын), сондай-ақ осындай оқиғалардың болу ықтималдығын сапалық және сандық бағалау жүргізіледі. Олар бірге тәуекел профилін білдіреді.

**Тәуекелдерді басқару шаралары.** Тәуекелдерді анықтағаннан және саралағаннан кейін олардың әрқайсысына ден қою шаралары әзірленеді. Тәуекелдердің иелері Компанияның Тәуекелдерді басқару қызметімен бірлесіп тәуекелдердің туындау ықтималдығын және олардың әсерін, сондай-ақ тәуекелді ықтимал төмендетуден болатын шығындар мен пайданы бағалайды.


**Мониторинг және есеп беру.** Тәуекелдер мониторингінің тұрақты процесі SK Ondeu қызметінің құрамдас бөлігі. Ол Компания басшылығы тарапынан ішкі аудит пен жекелеген салаларды талдауды қоса алғанда, ішкі саясат пен ішкі бақылау рәсімдерінің тиімділігін қадағалауға мүмкіндік береді. Тәуекелдер картасы және ішкі бақылау жүйесі Компанияның мақсаттарының, құрылымының, операциялық жағдайлары мен іскерлік ортасының өзгеруіне байланысты бақылау рәсімдерін қайта бағалау және түзету үшін пайдаланылады.

Компания басшылығы тәуекел деңгейін бағалау немесе тәуекелдерді басқару рәсімдерін өзгерту нәтижелері бойынша тиісті іс-шаралардың

орындалуын қамтамасыз ететін кейіннен бақылаудың тиімді рәсімдерін енгізу үшін жауап береді.

Соңғы бірнеше жылда елдің геосаяси және ішкі тәуекелдері жоғары турбуленттілік көрсеткеніне байланысты 2023 жылы Компания басшылығы тәуекелдерді басқаруға баса назар аударды. Осылайша Компания қазіргі және әлеуетті тәуекелдерге, олардың әрбір ЕТҰ-ның және тұтастай Топтың қызметіне әсері мен ықтималдығына егжей-тегжейлі талдау және қайта бағалау жүргізді.

Жаңа факторларды ескере отырып, тәуекелдердің мынадай негізгі аймақтары бөлінді:



# ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

## Процессафинандық есептілікке қатысты Компанияның ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі

Көбінесе практикада қаржылық есептілікті дайындау кезінде негізгі тәуекел есептіліктің елеулі бұрмалануына әкеп соғуы мүмкін бағалау мәндерінің бейтараптылық тәуекелі.

«SK Ondeu» ЖШС тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесін (бұдан әрі – «ІБҚ») ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін айқындау шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатына, Корпоративтік басқару кодексіне, Компанияның ішкі құжаттарына, Трэдвэй комиссия Демеушілік ұйымдары (COSO) комитетінің ұсынымдарына және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы өзге де үздік практикаларға сәйкес әзірленген Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатты басшылыққа алады.

COSO сәйкес, ішкі бақылау:

- Компанияның барлық деңгейіндегі қызметкерлер жүзеге асырады;
- формальды түрде жазылған рәсімдермен регламенттеледі;
- тек қаржылық есептілік саласында ғана емес, барлық салаларда Компанияның мақсаттарына қол жеткізу үшін енгізіледі;
- өзара байланысты компоненттерден тұрады.



Бұл ретте, ІЖҚ функцияларын орындау кезінде «Қорғаудың үш желісі» моделі қолданылады. Бұл модель үш жеке топ арасындағы рөлдер мен міндеттерді нақты айқындау және ажырату есебінен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерін үйлестіруді білдіреді:

- бизнес-функциялары;
- тәуекелдер мониторингі және ішкі бақылау функциясы;
- басқару және ішкі бақылау тиімділігін тәуелсіз бағалау функциясы.

Осылайша Компанияның ІБҚ басшылықтың бақылау жүйелерін айналып өту нәтижесінде өз өкілеттіктері мен жосықсыз іс-әрекеттерін асыра пайдалану не басшылықтың жосықсыз пікірлері нәтижесінде есептілікті елеулі бұрмалау мүмкіндігін болдырмау үшін Компанияның әртүрлі топтарының кезең-кезеңмен мониторинг, бақылау функцияларын жүзеге асыруын және тәуелсіз кепілдіктер жүргізуін білдіреді (бағалау мәндері мен жол берулердің бейтараптылығы). 2023 жылы ІБҚ дамыту шеңберінде іске асырылған негізгі іс-шаралар мен бастамалардың тізбесі:

- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатқа өзгерістер енгізуді;
- корпоративтік ішкі оқыту жүйесі шеңберінде SK Ondeu қызметкерлерін және ЕТҰ тәуекел-үйлестірушілерін оқытуды;
- Компанияның тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын мынадай процестер бойынша өзектілендіруді қамтиды: өндірістік қауіпсіздік,


еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, ақпараттық қауіпсіздік, сатып алуды басқару және т.б.

Компанияда нарықтың өзгермелі жағдайларына және нормативтік ортадағы өзгерістерге сәйкес келетін шоғырландырылған деңгейде тәуекелдерді құжаттандыру және бағалау процесі жұмыс істейді. Сондай-ақ Компанияның бизнес-тәуекелдерін, қаржылық және/немесе операциялық тәуекелдерін бағалау, бақылау және мониторингілеу үшін бақылау құралдары мен операциялық рәсімдердің барабарлығын айқындау бойынша тәуекелдер тізілімі әзірленді.




# БИЗНЕС-ЭТИКА ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС

## 2023 ЖЫЛҒЫ КОМПЛАЕНС БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ (COMPLIANCE PROGRAM) ТҮЙІНДІ НӘТИЖЕЛЕРІ



«SK Ondeu» ЖШС тобы бойынша 2023 жылы Жедел желіге барлығы 16 өтініш келіп түсті, олар бойынша тексерістер тексеріліп, нәтижелері бойынша түзету іс-шаралары қабылданды.

2023 жылғы айлар бойынша жедел желіге өтініштерді талдау



Бизнесті әдепті жүргізу және адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа және экономикалық қылмыстардың барлық түрлеріне қарсы іс-қимыл жасау, мүдделер қақтығыстарын басқару біздің Компания қызметінің негізіне жатады.

Біз бизнес-этика және комплаенс саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерді енгізе отырып, өзара сыйластық пен ашықтық ахуалын қалыптастыруға және көтермелеуге ұмтыламыз.

Квазимемлекеттік секторды білдіретін Компания бола отырып, біз сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, адам құқықтарын сақтау саласындағы бастама қағидаттарын толық сақтауға, сондай-ақ Тұрақты дамуға өз үлесімізді қосуға ұмтыламыз.

Біз адалдық, әділдік, айқындылық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын ұстанамыз және ешқандай қаржылық нәтижелер бизнесті этикалық және заңды жүргізуден асып түсуге болмайды деп есептейміз.



- ЗАҢНАМА
- ІСКЕРЛІК ЭТИКА НОРМАЛАРЫ
- КОМПЛАЕНС САЛАСЫНДАҒЫ ҮЗДІК ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР



- ӘРБІР ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ КОМПЛАЕНС ТАЛАПТАРЫН ҚАБЫЛДАУЫ
- «ЖОҒАРЫДАН ЫҚПАЛ» ҚАҒИДАТЫ БОЙЫНША МӘДЕНИЕТ КОМПЛАЕНСЫН КӨРСЕТУ



- АШЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ
- ЗАҢНАМАНЫ ЖӘНЕ ЭТИКАНЫ ЫҚТИМАЛ БҰЗУ ТУРАЛЫ ӘРБІР ӨТІНІШТІ ТЕКСЕРУ
- ЗАҢНАМАНЫ, ЭТИКАНЫ ЖӘНЕ ІШКИ СТАНДАРТТАРДЫ, ҚАҒИДАЛАРДЫ, ПРОЦЕСТЕРДІ БҰЗУҒА НӨЛДІК ТӨЗІМДІЛІК

#### НЕГІЗГІ КОМПЛАЕНС-БАҒЫТТАРЫ

- Жалдау мен еңбектің тең жағдайлары. Адам құқықтары
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл. Мүдделер қайшылығы
- Контрагенттердің сенімділігін тексеру
- Халықаралық сауда қағидаларын сақтау
- Қаржылық бақылау
- Ақпаратты қорғау. Ашық қарым-қатынас мәдениеті



# Тұрақты даму

SK Ondeu өз қызметінің барлық кезеңдерінде орнықты даму қағидаттарын сақтауға ұмтылады және өз серіктестері, өнім берушілері мен басқа да мүдделі тараптар арасында бизнесті жауапкершілікпен жүргізу және әлеуметтік жауапкершілік практикасын таратуға жәрдемдеседі. Тұрақты даму қағидаттары Компанияның Даму стратегиясының негізіне алынған. Осы қағидаттарды ұстану бизнестің ұзақ мерзімді дамуы үшін ғана емес, негізгі корпоративтік құндылықтарды қалыптастыру үшін де маңызды.

## Samruk-Kazyna Ondeu тұрақты даму қағидаттары:

- Ашықтық
- Есеп беру
- Айқындылық
- Этикалық мінез-құлық
- Құрмет
- Заңдылық
- Адам құқықтарын сақтау
- Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік
- Мүдделер қақтығысына жол бермеу
- Жеке мысал

Орнықты даму саласындағы қызметтің басым бағыттарын айқындау кезінде Компания БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған БҰҰ тұрақты даму саласындағы мақсаттарды, сондай-ақ осы саладағы басқа да халықаралық стандарттар мен бастамалардың ережелерін басшылыққа алады.

«SK Ondeu» ЖШС БҰҰ-ның тұрақты даму бағдарламасынан 3 мақсатқа бағдарланған, онда ол барынша әсер етуі мүмкін: лайықты жұмыс пен экономикалық өсім, жақсы денсаулық пен әлауқат, жауапты тұтыну мен өндіріс. Компания өзінің негізгі қызметі шеңберінде өзі қатысатын өңірлердегі өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған түрлі әлеуметтік бастамаларға қатысу арқылы осы мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылады.



## ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

«SK Ondeu» ЖШС өз ықпалының маңыздылығын сезінеді және өз қызметінде тұрақты даму саласындағы тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ескеруге ұмтылады. Компанияның 2023-2032 жылдарға арналған даму стратегиясындағы түйінді бағыттардың бірі өз қызметінің барлық

кезеңдерінде орнықты даму қағидаттарын сақтау және өз серіктестері, өнім берушілері мен басқа да мүдделі тараптар арасында бизнесті және әлеуметтік жауапкершілікті жауапты жүргізу практикасын таратуға жәрдемдесу.

Қоршаған орта	Әлеуметтік сала	Корпоративтік басқару
Оқыс оқиғалар және қоршаған ортаға теріс әсер ету	Кадрлық және әлеуметтік тәуекелдер	Киберқауіпсіздік және деректерді қорғау
Экологиялық қауіпсіздік және реттеу стандарттарын арттыру	Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығының проблемалары	Инвесторлар үшін бедел және тартымдылықты төмендету
Технологиялық тәуекелдер, инновациялар және авариялар	Өзгерістер мен инновацияларды басқару	Сыбайлас жемқорлық және этика
	Қоғамдық пікірді өзгерту	Заңнаманы қатаңдату және саяси тәуекелдер



## ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕП ТУРАЛЫ

### Есеп профилі:

**Есеп құрылымы:** GRI стандарттары;

**GRI тәсілі:** «негізгі» нұсқасына сәйкес;

**Есеп шегі:** қаржылық көрсеткіштер бөлігінде - «SK Ondeu» ЖШС және 6 ЕТҰ, экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштер бөлігінде - қолданыстағы өндірістері бар 4 ЕТҰ;

**Есепті кезең:** 2023 жылғы 1 қаңтар - 31 желтоқсан

**Есеп беру циклі:** жыл сайын

**Алдыңғы есеп:** Интеграцияланған жылдық

### Есептің мазмұны мен сапасын анықтау:

Интеграцияланған Жылдық есепте біз стейкхолдерлерге «SK Ondeu» ЖШС және оның ЕТҰ қызметін объективті бағалау үшін сапалы ақпарат беру үшін бар күш-жігерімізді салдық. Есепте ұсынылған барлық деректерді Жылдық есепті дайындау регламентіне сәйкес «SK Ondeu» ЖШС құрылымдық бөлімшелері мен еншілес компаниялары ұсынды. Сыртқы куәландыру «KUS» ЖШС парниктік газдар шығарындылары

### Есеп шегін анықтау:

Осы Есеп «SK Ondeu» ЖШС-ның тұрақты даму саласындағы қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Бұдан басқа есеп «SK Ondeu» ЖШС ЕТҰ қызметі туралы жекелеген тарауларды көздейді,

сондай-ақ 2022 жылғы есеп 2023 жылғы шілдеде жарияланды;

**Сыртқы куәландыру:** «KUS» ЖШС парниктік газдар шығарындыларын «SupEx» ЖШС аккредиттелген органы верификациялаған. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті растау үшін «Grant Thornton» ЖШС тәуелсіз аудиторы тартылды. Басқалары бойынша – жоқ.

бойынша жүргізілді. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті «Grant Thornton» ЖШС верификациялады.

«Негізгі нұсқаға» сәйкес экономикалық, экологиялық және әлеуметтік қызметіміздің әсері туралы хабарлай отырып, біздің Компаниялар тобы туралы ақпаратты аштық.

Интеграцияланған жылдық есепте ұсынылған еншілес және тәуелді ұйымдарды қамтиды. шоғырландырылған деректер мынадай

Компания	Қызмет түрі	Тіркеу орны
«ХИМ-плюс» ЖШС	Үш хлорлы фосфор, каустикалық сода, хлор және глифосат өндірісі	Жамбыл облысы
«SSAP» ЖШС	Күкіртті қайта өңдеу және күкірт және аккумулятор қышқылын шығару	Ақмола облысы
«KUS» ЖШС	«ҰИМТ» АЭА өндірістік және жалпы зауыттық инфрақұрылым объектілерін салу	Атырау облысы

2023 жылғы 19 желтоқсанда қажетті корпоративтік рәсімдерден өткеннен кейін қатысушының ауысуына байланысты «Полимер Продакшн» ЖШС мемлекеттік қайта тіркеуден өтті, оның қорытындысы бойынша ҚМГ 100% қатысушы болып танылды. Аталған компания туралы ақпарат

«SK Ondeu» ЖШС-ның тұрақты даму саласындағы қызметі туралы сапалы есеп дайындау және есеп мазмұны мен шекараларын анықтау мақсатында біз есепте ашылатын тақырыптардың маңыздылығына өз күшімізбен бағалау жүргіздік.

«SK Ondeu» ЖШС басқару ерекшеліктерін, елеулі экономикалық, экологиялық, әлеуметтік ықпалын, сондай-ақ адам құқықтарын сақтау, қоғамға, экологияға және т.б. ықпалын көрсететін мәселелерді қамтиды.

### Осы есепті дайындау кезінде Компания мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

**ДӘЛДІК** - стейкхолдерлер Компания қызметінің нәтижелерін бағалай алуы үшін нақты, нақты, толық және расталған ақпарат көрсетілген.

**ТОЛЫҚТЫҚ** - GRI стандартына сәйкес есепті кезеңде Компанияның орнықты дамуының барлық бағыттары бойынша ұсынылған ақпарат.

**ТЕҢГЕРІМДІЛІК** – стейкхолдерлер нәтижелерді объективті түрде бағалай алуы үшін қызметтің оң және теріс нәтижелері көрсетілген.

**СЕНІМДІЛІК** – ақпарат деректердің сапасы мен мәнділігін қамтамасыз ету үшін жинақталды, талданды және ашылды.

**АЙҚЫНДЫЛЫҚ** – біз есепті Компания мен ЕТҰ-ның қызметі туралы жеткілікті түрде хабардар болуы үшін стейкхолдерлер үшін түсінікті және қолжетімді нысанда жасаймыз.

**САЛЫСТЫРМАЛЫЛЫҚ** – ақпарат стейкхолдерлерге динамикадағы өзгерістерді талдауға мүмкіндік беру үшін соңғы үш жылдағы динамикада ұсынылған.

**УАҚТЫЛЫЛЫҚ** – есепті дайындау жоспарлы сипатта болады, оның ішінде Компанияның құрылымдық бөлімшелерімен, ЕТҰ-мен диалогтарды әзірлеу, жүргізу және жариялау процесі.

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТҮЙІНДІ ОҚИҒАЛАР 2023

1

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС мен «SSAP» ЖШС-да «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасы енгізілді

2

ЕТҰ үшін 2023-2024 жылдарға арналған энергия тиімділігі, түзілетін қалдықтардың санын қысқарту жөніндегі іс-шаралар тізбесі әзірленді және бекітілді

3

Қауіпсіздік мәдениетін арттыру мақсатында бекітілген жоспар-кестеге сәйкес қауіпсіздік бойынша 430 мінез-құлық бақылауы жүргізілді

4

«Жеті Қадам» бағдарламасына қатысушылар әзірлеген «SSAP» ЖШС базасында «Үнемді өндіріс» жобасын іске асыру басталды

5

ЕТҰ Бақылау кеңестерінің құрамындағы әйелдердің үлесі 2023 жылдың қорытындысы бойынша 25% және 33,3% құрады

6

- портфельді тиімді басқаруды қамтамасыз ету шеңберінде **адами ресурстарды белсенді жоспарлау**, персоналдың біліктілігі мен құзыреттілігінің деңгейін ұдайы арттыру процесін ұйымдастыру;
- ұжымдарда **әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету** және бүкіл Серіктестік бойынша персоналдың әл-ауқатының өсуіне жәрдемдесу. Қауіпсіз және өнімділігі жоғары еңбекті қамтамасыз ететін еңбек жағдайлары мен ынталандыру жүйесін құру;
- қызметкерлерге еңбегі үшін тең құнды ақы төлеуді қамтамасыз етуді қамтитын **еңбекке әділ ақы төлеу жүйесін** құру;
- жоғары білікті және дәлелді қызметкерлерді сауатты іріктеу мен жалдауды, оқыту мен біліктілікті арттыруды қамтитын персоналды **басқару функциясын ұдайы жетілдіру**;

**ашықтық, мүдделілік және ынтымақтастық**, мұнда HR функциясы мәдениетті қалыптастыруды және дамытуды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің Серіктестіктің стратегиялық мақсаттарына мүдделілігін, түсінігін және қолдауын ынталандырады және арттырады;

- **ішкі сараптаманы дамыту арқылы корпоративтік бірегейлік** пен сана-сезімді нығайту және жергілікті кадрларды даярлау деңгейін арттыру есебінен адами капиталдың құнын арттыру үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ білікті мамандарды сақтау үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Осы Кадр саясатында қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Серіктестік **мынадай негізгі бағыттарды айқындады:**

- Серіктестіктің стратегиялық пайымы мен даму мақсаттарын ескере отырып, адами ресурстарды дамыту арқылы білікті кадрларды тарту, ынталандыру және оларға қолайлы жағдайлар жасау;
- Серіктестіктің стратегиялық мақсаттарын іске асыруға ықпал ететін корпоративтік мәдениетті тиімді дамыту;
- персоналды басқарудың қазіргі заманғы әдістері мен озық технологияларын енгізу, HR-функциялардың тиімділігін арттыру үшін HR-процестерді жетілдіру.



## GRI 402

### ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС жыл сайынғы негізде **SAMRUK RESEARCH SERVICES** зерттеуіне қатысады. 2023 жылы аталған зерттеу жарты жылда 1 рет өткізілді.

**SAMRUK RESEARCH SERVICES** Қордың еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін өлшеудің мониторингтік құралы.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС («SSAP» ЖШС және «Полимер Продакшн» ЖШС) еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылық деңгейінің төмендегені байқалады.

Осылайша, Компаниядағы SRS интегралдық көрсеткіші 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы 18 пайыздық тармаққа төмендеп, 60%-ды құрады.

ЕТҰ бөлінісінде «SSAP» ЖШС-дағы интегралдық көрсеткіш деңгейі 55%-ды, «Полимер Продакшн» ЖШС-да - 64%-ды құрады.

### ЕҢБЕК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

Еңбекті ұйымдастыру және еңбек қатынастары мәселелері Ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен, еңбек шарттарымен реттелген. Қызметкерлерді көтермелеу олардың негізінде қызметін мерзімді бағалау және сыйлықақы беру жүргізілетін қызметкерлердің кезеңге арналған мақсаттарын және жеке даму жоспарларын бекіту жүйесі арқылы іске асырылады.

Әлеуметтік қолдау шеңберінде қызметкерлерге еңбек демалысына, бала туғанда және т.б. материалдық көмек көрсетіледі. Түрлі тақырыптық тимбилдингтер, басшылықпен коммуникациялық кездесулер, спорттық іс-шаралар және т.б. өткізіледі.

Серіктестік қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу және сыйлықақы беру жүйесі мынадай қағидаларға негізделген:

1) ішкі әділеттілік (жалақы лауазым дәрежесіне байланысты белгіленеді) және сыртқы бәсекеге қабілеттілік (еңбекақы төлеу деңгейі жалақының референттік нарығына қатысты бәсекеге қабілетті болуы тиіс);

2) еңбекақы төлеу жүйесі ашық және түсінікті болуы тиіс;

3) сыйақы мөлшері жалпы Серіктестіктің және жекелеген қызметкерлердің Серіктестіктің мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ қаржы-экономикалық мүмкіндіктеріне қол жеткізуіне байланысты болуға тиіс. Серіктестік қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу әрбір лауазымның дәрежесін ескере отырып, еңбекке ақы төлеудің мерзімдік-сыйлықақы жүйесі негізінде жүргізіледі.

Қызметкердің жылдық жиынтық табысы келесі элементтерден тұруы мүмкін:

- лауазымдық жалақы;

- есепті кезеңнің қорытындылары бойынша әкімшілік қызметкерлерге сыйақы (қызметті бағалау нәтижелері бойынша);

- Байқау кеңесі бекіткен қызметтің түйінді көрсеткіштерін орындау нәтижелеріне байланысты басшы қызметкерлерге (Серіктестіктің атқарушы органының мүшелеріне) бонустар;

- еңбек демалысына материалдық көмек;

- қызметтің корпоративтік түйінді көрсеткіштерін орындау нәтижелеріне байланысты жыл қорытындысы бойынша сыйлық;

- мемлекеттік және кәсіби мерекелерге арналған сыйлық.

### ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

«SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобының әлеуметтік саясаты қызметкерлермен бірлесіп айқындалады және «SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобының қолда бар қаржылық мүмкіндіктері есебінен қамтамасыз етіледі.

Келісу комиссиясының құрамы ұйымдастырушылық-өкімдік құжатпен бекітіледі. Еңбек дауы туындаған кезде, келісім комиссиясына жүгінгенге дейін қызметкер:

- персоналмен жұмыс жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысына;
- келісу комиссиясының төрағасына;
- Компанияның бірінші басшысына жүгінуге құқылы.

Қазіргі уақытта «SSAP» ЖШС еншілес компаниясында ұжымдық шарт жасалды, басқаларында әзірлену сатысында.

«SK Ondeu» ЖШС мен ЕТҰ-да қызметкерлерге мынадай жеңілдіктер:

- жұмыс берушінің өмірді міндетті сақтандыруы;
- қызметкерлерді ерікті медициналық сақтандыру;
- еңбекке жарамсыздығы/мүгедектігі бойынша өтемақы;
- ана/әке болуына байланысты демалыс;
- бала туғанда/асырап алғанда материалдық көмек;
- қызметкердің, жұбайының, балаларының, ата-аналарының қайтыс болуына байланысты материалдық көмек;
- сауықтыруға материалдық көмек;
- вахта қызметкерлеріне тамақтануды ішінара өтеу;
- персоналды көлікпен тасымалдау (жұмыс орнына және үйге қайту);
- бір рет қолданылатын медициналық маскалар мен залалсыздандырғыш спрейлерді тегін ұсыну.





**GRI 401**

**ПЕРСОНАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

2023 жылдың соңында SK Ondeu-дағы қызметкерлердің жалпы тізімдік саны «Полимер Продакшн» ЖШС-ны есептемегенде еншілес ұйымдарды қоса алғанда 615 адамды құрады. Осыған байланысты есепті кезеңде топ персоналының тізімдік саны 2022 жылмен салыстырғанда 26,3%-ға азайды.

**SK Ondeu персоналының саны, 2021-2023 жылдар, адам**

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Есепті кезеңнің соңындағы персоналдың тізімдік саны	769	835	619
Есепті кезеңнің соңындағы персоналдың орташа тізімдік саны	783	826	615

Біз қызметкерлерімізбен ұзақ мерзімді қарым-қатынасты бағалаймыз, сондықтан олардың көпшілігі ұзақ мерзімді шарттар бойынша жұмыс істейді (> 99%), жедел шарттар негізінде қызметкерлердің шамамен 1% жұмысқа орналастырылды.

**Жұмыспен қамту нысаны бойынша персоналдың тізімдік саны, 2021-2023 жылдар, адам**


Көрсеткіш	2021	2022	2023
Ұзақ мерзімді шарт	<b>747</b>	<b>821</b>	<b>611</b>
ерлер	552	602	465
әйелдер	195	219	146
Уақытша қызметкерлер	<b>22</b>	<b>14</b>	<b>4</b>
ерлер	1	3	2
әйелдер	21	11	2
Толық жұмыспен қамтылу	<b>756</b>	<b>822</b>	<b>602</b>
ерлер	542	593	456
әйелдер	214	229	146
Жартылай жұмыспен қамтылу	<b>13</b>	<b>13</b>	<b>13</b>
ерлер	11	12	11
әйелдер	2	1	2
АҚС шарттары бойынша	0	1	<b>3</b>
Аутстаффинг шарттары бойынша	2	5	<b>9</b>

**GRI 405-1, 406**

Біздің Компания жасы бойынша кемсітушілікке жол бермейді. Есептік кезеңде кемсітушілік жағдайлары тіркелмеген. Компанияда 2023 жылы үлесі 17% құраған 50 жастан асқан адамдарды қоса алғанда, әртүрлі жас топтарының өкілдері жұмыс істейді.

**Жасына қарай бөліністегі персоналдың тізімдік саны, 2021-2023 жылдар, адам**

Көрсеткіш	2021	2022	2023
30 жасқа дейін	178	225	210
30 жастан 50 жасқа дейін	464	461	298
50 жастан жоғары	127	149	107



**ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІЛІК**

**GRI 405-1, 405-2**

SK Ondeu қызметкерлердің көзқарастары мен мәдени құндылықтарының алуан түрлілігін мойындайды және бағалайды. Біз нәсілі, жынысы, діні, мүгедектігі немесе саяси сенімі бойынша кемсітушілікті қоса алғанда, ешқандай кемсітушілік түрлеріне жол бермейміз. Бос орындарды жариялау және кандидаттарды іріктеу кезінде жалдау процесінде кез келген бейтараптылықты болдырмау үшін тәжірибе мен біліктілікке қойылатын талаптар нақты айқындалған. Сыйақы мөлшері кандидаттың кәсіби қасиеттеріне ғана байланысты. SK Ondeu мүмкіндігі шектеулі жандарға жұмыс орындарын ұсынады. 2023 жылы мүмкіндігі шектеулі қызметкерлердің саны 4 адамды құрады, бұл 2022 жылға қарағанда 2 адамға аз.

**Мүмкіндіктері шектеулі қызметкерлердің тізімдік саны, 2021-2023 жылдар, адам**

	2021	2022	2023
ерлер	3	5	4
әйелдер	1	1	0
<b>Барлығы</b>	<b>4</b>	<b>6</b>	<b>4</b>



## ГЕНДЕРЛІК ҚҰРАМ

### GRI 405

Персонал құрылымында ерлердің басым болуы компанияның өндірістік қызметінің ерекшелігімен байланысты. Бұл ретте SK Ondeu гендерлік теңдік қағидатын қолдайды және әйелдерді әкімшілік

және сервистік позицияларға белсенді тартады. Топ жұмыскерлері арасындағы әйелдердің үлесі 2023 жылы 31,7%-ды құрады.

#### Гендерлік бөліністегі персоналдың тізімдік саны, 2021-2023 жылдар, адам

Көрсеткіш	2021	2022	2023
ерлер	553	605	467
әйелдер	216	230	148

Компания гендерлік теңдікті ілгерілету, сондай-ақ әйелдер арасында көшбасшылық әлеуетті дамыту және болашақ әйел көшбасшыларды даярлау аясында 2030 жылға қарай SKO-ның және ЕТҰ-ның (бақылау кеңестерінде және атқарушы органдарда) басқару органдарының құрамындағы

әйелдер үлесін кемінде 30% деңгейінде кезең-кезеңімен арттыруды жоспарлап отыр. 2023 жылдың соңында бұл көрсеткіш топ бойынша 25%-дан 33,3%-ға дейін құрады.

## ТАЛАНТТАРДЫ САҚТАУ

### Персоналды тарту және кадрлардың ауысуы

#### GRI 401-1

2023 жылы Топқа 208 адам қабылданды. Жаңа жұмыскерлердің 64,4%-ы Атырау облысында жұмыс істейді. Серіктестікте жергілікті тұрғындар арасынан жұмыскерлерді басымдықпен жалдау саясаты жоқ. Бос орындарға іріктеу

ізденушілердің білімі, біліктілігі мен кәсіби қасиеттеріне қарай жүргізіледі. 2023 жылы Топтағы кадрлар айналымы 22,1%-ды құрады. 2021 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 1,2%-ға өсті.

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Қабылданған жұмыскерлер, адам	224	246	163
Жұмыстан босатылған жұмыскерлер, адам	214	173	122

## ДЕКРЕТТІК ДЕМАЛЫС

### GRI 401-3

2023 жылы «SK Ondeu» ЖШС компаниялары тобы бойынша

13 адам жүктілік пен босану және бала күтімі бойынша демалысқа шықты

ЖЫЛ	Ана/әке болуына байланысты демалыс алған жұмыскерлердің саны, адам.		Ана/әке болуына байланысты демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған жұмыскерлердің саны		Ана/әке демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа оралған және жұмысқа оралғаннан кейін он екі айдан кейін жұмысын жалғастырған жұмыскерлердің саны, адам.		Есепті жылы ана/әке болуыға байланысты демалысы аяқталғаннан кейін жұмысқа қайта оралуы тиіс жұмыскерлердің саны	
	ӘЙЕЛДЕР	ЕРЛЕР	ӘЙЕЛДЕР	ЕРЛЕР	ӘЙЕЛДЕР	ЕРЛЕР	ӘЙЕЛДЕР	ЕРЛЕР
2021	22	2	4	-	4	-	-	-
2022	13	3	10	-	2	-	1	-
2023	9	4	6	3	4	-	1	-

## ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

### GRI 404

Жұмыскерлерді кәсіптік оқыту және дамыту қағидаларына сәйкес жұмыскерлерге өзінің білім деңгейі мен біліктілігін арттыруға мүмкіндік беріледі. «SK-Ondeu» ЖШС компаниялары тобында тұрақты негізде жұмыскерлердің кәсібилігін кешенді арттыру жүргізіледі. Компаниялар

тобындағы оқыту және дамыту жүйесі міндетті, нормативтік оқыту, басқарушылық және кәсіби құзыреттерді дамытуды көздейді. 2023 жылы компаниялар тобында барлығы 122 жұмыскер оқудан өтті, бұл орташа тізімдік санның 19,8%-ын құрады. Оқытылғандардың орташа жасы - 40 жас.

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Жылына бір жұмыскерді оқыту сағаттарының орташа саны, сағат	4,0	4,4	2,5
Барлық жұмыскерлерді оқыту сағаттарының жалпы саны, сағат	3 112	3 652	1 556
Әйел жұмыскерлерді оқыту сағаттарының жалпы саны, сағат	489	724	1 018
Ер азаматтарды оқыту сағаттарының жалпы саны, сағат	2 623	2 928	538
Жылына жұмыскерлерді оқытуға арналған шығындар, млн. теңге	10,4	10,7	55,3

### Кері байланыс

Компанияда бірнеше кері байланыс арналарын қамтамасыз ететін тиімді ішкі байланыс жүйесі құрылды.

Коммуникацияның басты арнасы - компанияның Интернет-ресурсы – [www.o-sk.kz](http://www.o-sk.kz), сыртқы мүдделі тараптарға жазбаша өтініш немесе шағым қалдыруға және қажет болған жағдайда «қауырт желіге» телефон қоңырауы арқылы жүгінуге мүмкіндік береді.

Компания кері байланыс мәдениетін дамытуды қолдайды:

- кері байланыс сауалнамаларын жүргізу;
- exit сұхбат жүргізу;
- ішкі әлеуметтік желілерді дамыту.

### Корпоративтік мәдениет және ішкі коммуникациялар

Өндірістің тиімділігі және компанияны дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу күшті корпоративтік мәдениеттің құрылысын анықтайтын жеке бағытта жүзеге асырылады. Ұжымда корпоративтік құндылықтар – даму, жауапкершілік, батылдық, ашықтық белсенді түрде танымал болуда.

Компанияның барлық жұмыскерлерді корпоративтік құндылықтарды түсінеді және бөліседі, өздерін команданың бір бөлігі ретінде анықтайды және ортақ іске жеке үлес қосады.

Жұмыскерлерді тарту деңгейін арттыру және еңбек нарығында үздік кандидаттарды тарту мақсатында Компания Жұмыс берушінің брендін қалыптастыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді-коммуникациялық іс-шаралар жоспары қалыптастырылды.

Компанияның корпоративтік құндылықтарын қолдауға бағытталған корпоративтік мәдениеттің негізгі элементтерінің бірі - жұмыскерлерді біріктіретін және жұмыскерлердің тартымдылығын арттыруға, Компанияның әлеуметтік жауапты Компания ретіндегі жағымды ішкі атмосферасы мен имиджін қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік волонтерлік қызмет.

Компания ішіндегі жұмыскерлердің тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастыруға, дағдарыстық

жағдайларды шешуге, жұмыскерлердің адалдығы мен жоғары адалдығын қалыптастыруға бағытталған ішкі коммуникациялар корпоративтік мәдениетті дамытуда маңызды рөл атқарады. Персоналды ақпараттандыру үшін ішкі телеграм-арна, ішкі инстаграм аккаунт сияқты коммуникация арналары тиімді пайдаланылады. Осы арналардың арқасында жұмыскерлерге ақпарат ағынына қатысады және бастапқы көзден ақпаратқа қол жеткізе алады.

### 2024 жылға және қысқа мерзімді жоспарлар

2024 жылы «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС жұмыскерлерді қолдау бағдарламасын іске асыруды жалғастырады, кадрлық әлеуетті сақтайды және дамытады және жұмыскерлерді тарту деңгейін, оның ішінде жұмыс берушінің брендін дамыту жөніндегі іс-шаралар есебінен де қолдайтын болады.

Компания еңбекақы төлеу және материалдық көтермелеу жүйесінің тиімділігін жақсартуға, персоналды басқару саласындағы процестерді автоматтандыруды жүзеге асыруға бағытталған жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр,

басқарушы персоналдың сабақтастығы мен көшбасшылықты дамыту бағдарламаларын, еңбекақы төлеуді жүйелеуді, сондай-ақ еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

Жұмыскерлердің еңбек жағдайларына қанағаттануын арттыру мақсатында 2024 жылы вахталық персоналдың өмір сүру жағдайларын ұйымдастыру жөніндегі стандартты әзірлеу және енгізу, жұмыскерлерді тамақтандыруды, арнайы киіммен қамтамасыз етуді және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі стандарттарды әзірлеу және енгізу жоспарланған.

### КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

#### ДАМУ

- Біз өзімізді және компаниямызды үнемі дамытып отырамыз
- Біз жайлылық аймағынан тыс жұмыс істейміз
- Біз жаңаға ашықпыз және оны өзіміз жасаймыз

#### ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Біз істі соңына дейін жеткіземіз
- Біз қабылданған шешімдерге жауаптымыз
- Біз өзімізге алған міндеттемелерді орындаймыз

#### БАТЫЛДЫҚ

- Біз есептелген тәуекелдерге барамыз
- Біз қиын шешімдер қабылдаймыз
- Біз кез келген жағдайда мүмкіндіктер табамыз

#### ТРАНСПАРЕНТТІЛІК

- Біз байланыс пен диалогтарға ашықпыз
- Біз адал және ашық бизнес жүргіземіз
- Біз ақпаратты уақтылы ашамыз.



# ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ

GRI 403

## ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ

«SK Ondeu» ЖШС өндірістік қауіпсіздік талаптарын сақтауға ерекше назар аударады. Өндірістік қауіпсіздік саясатына сәйкес біз өз жұмыскерлеріміз үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге тырысамыз. Осы мақсатта Компания ұлттық заңнамаға және халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесін үнемі жетілдіріп отырады.

Компания мен оның ЕТҰ басшылығы жазатайым оқиғалар мен аварияларға, алкогольді, есірткіні, психотроптық заттарды және олардың аналогтарын пайдалануға және жол-көлік оқиғаларына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нөлдік төзімділік қағидатын ұстанады.

Атап айтқанда «SK Ondeu» ЖШС-ның HSE бойынша бірінші форумы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау (бұдан әрі - ЕҚЖЕҚ) саласындағы тәжірибе, үздік тәжірибелермен алмасу үшін тиімді алаң құру, жұмыстарды қауіпсіз ұйымдастыру қағидаттарына бейілділігін көрсету және ЕҚЖЕҚ саласындағы SK Ondeu компаниялар тобы басшылығының дербес міндеттемелеріне қол қою мақсатында ұйымдастырылды.

Форум аясында SK Ondeu компаниялар тобының топ-менеджерлері ЕҚЖЕҚ саласындағы дербес міндеттемелерге қол қойды, олар жұмыскерлердің нөлдік жарақаттануына қол жеткізу мақсатында процестерді енгізуді және салааралық табысты тәжірибелерді таратуды көздейді.

## ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ «ҚАУІПСІЗДІКТІҢ АЛТЫН ЕРЕЖЕЛЕРІ»

- Басшылықтың міндеттемесі;
- Тәуекелдерді анықтау - қауіптерді бақылау;
- Мақсаттарды анықтау - бағдарламаларды әзірлеу;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесін құру - ұйымның жоғары деңгейіне жету;
- Станоктармен және жабдықтармен жұмыс істеу кезінде жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету;
- Біліктілікті арттыру - кәсіби дағдыларды дамыту;
- Кадрларға инвестиция салу - қатысу арқылы ынталандыру.

Персоналдың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру тәуекелдерін азайту үшін жұмыстарды жүргізу кезінде тұрақты бақылау жүргізіледі, басшылар мен жұмыскерлердің өндірістік қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету процестеріне жауапкершілігі мен тартылуы артады, сондай-ақ SK Ondeu компанияларының бүкіл тобы жұмыскерлерінің құзыреті мен біліктілігін арттыруға көп көңіл бөлінеді.

«SK Ondeu» ЖШС үшін басты басымдық - өз жұмыскерлерінің қауіпсіздігі мен әл-ауқаты. Компания апаттар мен оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында шаралар кешенін қолданады, сондай-ақ олардың түсінігі мен қауіпсіздік талаптарын сақтауын арттыру үшін өз жұмыскерлерімен жүйелі түрде жұмыс істейді. Осы әрекеттердің барлығы

## ЗОЛОТЫЕ (ЖИЗНЕННО-ВАЖНЫЕ) ПРАВИЛА SKO



Быть готовым к работе



Безопасность во время вождения



Наряд-допуск повышенной опасности



Изоляция источников энергии



Работы в замкнутом пространстве



Работы на высоте



Движущееся оборудование и оборудование под напряжением



Грузоподъемные операции

## GRI 403

Топтың барлық кәсіпорындарында қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, сондай-ақ ықтимал жағымсыз салдардың алдын алуға бағытталған.

Топта өндірістік жарақаттанудың алдын алуға, тәуекелдер мен қауіптердің алдын алуға және/немесе азайтуға бағытталған іс-шаралар тұрақты негізде жүргізіледі. Мұндай іс-шаралар:

- қауіпсіздік техникасы бойынша жоспарлы және жоспардан тыс нұсқамалар жүргізуді;
- оқыту, персоналдың біліктілігін арттыруды;
- қауіпті жағдайларды, қауіпті әрекеттерді, салдарсыз оқиғаларды (Near Miss) анықтау және тиісті түзету шараларын қабылдауды;
- мінез-құлық қауіпсіздік аудиттерін жүргізуді;
- жұмыскерлердің қауіпті жұмыстарды тоқтату рәсімін қолдануы немесе егер олар мұндай жұмысты қауіпсіз орындау мүмкін емес деп санаса, оны орындаудан бас тартуды (СТОП-Карталар) қамтиды.

2023 жылдан бастап барлық ЕТҰ-да қауіпті жұмыстарды тоқтату мақсатында «СТОП-Карта» құралы енгізілді. Осы құралды енгізу үшін Қауіпті жұмыстарды тоқтата тұру (STOP work authority) нұсқаулығы бекітілді, оған сәйкес қауіпті жұмыстарды тоқтату жөніндегі іс-қимылдар тәртіптік жазаларды қоса алғанда, ешқандай теріс салдарға әкеп соқпайтыны міндетті шарт болып табылды.

Сонымен қатар Компания Қауіпті жағдайларды (ҚЖ), Қауіпті әрекеттерді (ҚӘ) және Near Miss (NM) салдарынсыз оқиғаларды анықтау және тіркеу жүйесін енгізді.



ҚЖ, ҚӘ, NM тіркеу персонал үшін жағымсыз салдарға әкелмейді, керісінше мотивациялық ынталандыру кезінде ескеріледі. Компания сонымен қатар ауыр оқыс оқиғалардың пайда болу қаупін тудыратын және/немесе тудыруы мүмкін қауіптерді анықтайды және тіркейді.

2023 жылы адами фактордың тәуекелдерін азайту үшін 430 мінез-құлық аудиті жүргізілді, оған Компания мен ЕТҰ-ның әртүрлі деңгейлерінің басшылары қатысты. Деректерді жүйелі түрде талдау және бақылау көбінесе адам факторымен байланысты қауіпсіздік талаптарының бұзылуы Топтың барлық өндірістерінде ортақ қауіп болып табылатынын көрсетеді.

37 тапсырманы қамтитын «SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобының 2023 жылға арналған өндірістік қауіпсіздік жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспары толық көлемде орындалды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар және кәсіптік аурулар тіркелмеген.

Сондай-ақ Компанияның кәсіпорындарында өндірістік қауіпсіздікті арттыру үшін қабылданған шаралар өнеркәсіптік апаттардың (бақыланбайтын жарылыстар, қауіпті заттардың шығарындылары немесе ғимараттардың қирауы) алдын алуға мүмкіндік берді.





## GRI 416

## КЛИЕНТТИҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ

SK Ondeu қызметінің маңызды басымдығы - жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету.

Компания жұмыс орындарында және өндірістік алаңдарда өнеркәсіптік қауіпсіздік нормаларының сақталуын, жабдықтардың жарамдылығын және нұсқаулықтар, регламенттер мен стандарттар сияқты барлық қажетті ішкі құжаттардың болуын қатаң қадағалайды.

Компанияның еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қағидаттары мен қағидаларын айқындайтын негізгі регламенттеуші құжаттар:


- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі;
- Өнеркәсіптің химия саласының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары;
- «SK Ondeu» ЖШС өндірістік қауіпсіздік саласындағы саясат;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы «SK Ondeu» ЖШС және еншілес тәуелді ұйымдар жұмыскерлерінің кодексі;
- «SK Ondeu» ЖШС еншілес және тәуелді ұйымдары үшін еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі бірыңғай қағидалар;
- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігер ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі қағида.

Компания анықтаған ЕҚ және ӨҚ саласындағы қағидаттар мен қағидаларды топтың барлық жұмыскерлері мен мердігерлік ұйымдары орындауға міндетті.

Төтенше жағдайлардың алдын алу аясында «SK Ondeu» ЖШС-да Дағдарыстық жағдайларды басқару жөніндегі штаб жұмыс істейді.

Бұдан басқа «SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобының ауыр және/немесе өлім-жітім ықтималдығы жоғары төтенше жағдайлардың, авариялар мен жазатайым оқиғалардың туындауы жөніндегі тәуекелдер тізілімі және «SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобының моральдық және физикалық тозған жабдықтарын техникалық қайта жарақтандыру жөніндегі 2023 жылға арналған жоспарлары бекітілді.

2023 жылы «SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобы бойынша жұмыс уақытын жоғалтумен жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті (LTIF) 0-ді құрады.



## Тәуелсіз аудитордың пікірі

### ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ның қатысушысына және басшысына

#### Пікір

Біз «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ның және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, жиынтық шығын туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және аталған күні аяқталған жыл үшін ақша қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ есептік саясаттың негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің ойымызша, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайына, сондай-ақ оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және аталған күні аяқталған жыл үшін ақша қаражаттың шоғырландырылған қозғалысының барлық елеулі тұрғыда анық көрсетеді.

#### Пікірімізді білдіру үшін негіз

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – АХС) сәйкес аудит жүргіздік. Аталған стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз қорытындының «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде ашылып көрсетіледі. Біз шоғырландырылған қаржылық есептілікке жүргізген аудитімізге Қазақстан Республикасында қолданылатын этика талаптарына сәйкес Топқа қатысты тәуелді емеспіз және де біз аталған талаптарға сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біздің ойымызша, алған аудиторлық дәлелдер пікір білдіру үшін жеткілікті және тиісті деп санаймыз.

#### Басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауап беретін тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-қа сәйкес аталған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің дайындалуы және анық көрсетілуі үшін және басшылық жосықсыз әрекеттің немесе қателіктің салдарында елеулі бұрмалаушылығы болмайтын шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілікті көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, қызметтің үздіксіздігіне жататын мәліметтердің тиісті жағдайларда ашылуы үшін және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттеніп отырған немесе оның таратудан немесе қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір іс жүзіне асатын баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда қызметтің үздіксіздігі туралы болжамның негізінде есептілікті дайындау үшін жауапкершілікті көтереді.

Біздің мақсатымыз жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарында шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылық жоқ екеніне ақылға қонымды түрде көз жеткізу және біздің пікірімізді қамтитын аудитор қорытындысын шығару. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ АХС-ке сәйкес олар болған жағдайда әрқашан елеулі бұрмалануды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалау жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесінде болуы мүмкін және егер жеке немесе жиынтық түрде олар осы шоғырландырылған қаржылық

есептіліктің негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде ойлауға болатын болса олар елеулі бұрмалаушылық деп саналады.

АХС-ке сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіптік пайымдаманы қолданамыз және аудиттің барлық мерзімі бойында кәсіптік күмәншілдікті сақтаймыз. Сонымен қатар біз келесіне орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін айқындаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікір білдіруіміз үшін негіз болатындай жеткілікті әрі тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Жоғарыда аталған жосықсыз әрекеттердің нәтижесінде қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануының анықталмай қалу тәуекелі қателіктің нәтижесінде болған елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелінен жоғарырақ, себебі жосықсыз әрекеттерде сөз байласу, қасақана жол беру, ақпаратты бұрмалап көрсету немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтіп әрекет жасау қамтылуы мүмкін;
- «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес жағдайға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын, сондай-ақ басшылық есептеген бағалау мәндерінің және ақпаратты тиісінше ашудың негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі жайында қолданудың заңға сәйкестігі туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туындауына әкелетін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоғы туралы тұжырым жасалады. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген тұжырымға келсек, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда ақпараттың шоғырландырылған қаржылық есептілікте сәйкесінше ашылуына назар аударуға және егер мұндай ақпараттың ашылуы тиіссіз түрде болса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз біздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топ өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылатын жағдайға әкелуі мүмкін;
- жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуына, оның құрылымы мен мазмұнына, соның ішінде онда ақпараттың ашылуына, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізіне алынған операциялар мен оқиғаларды көрсеткенде олардың анық көрсетілуіне баға береміз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін ұйымдардың шоғырландырылған қаржылық ақпаратына немесе Топтың ішіндегі қызметке қатысы бар тиісті, жеткілікті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз Топтың аудитіне басшылық ету, бақылау жасау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікіріміз үшін толығымен жауапты болып қаламыз.

Біз олардың назарына өзгелерден басқа аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы ақпаратты, сондай-ақ аудиттің нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы мәліметтерді олардың назарына жеткізе отырып, «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-ның корпоративтік басқару үшін жасау беретін тұлғалармен ақпараттық іс-қимыл жасаймыз.

Grant Thornton LLP



Erjan Dosymbekov

Тапсырма бойынша серіктес/ Бас директор

«Grant Thornton»

Қазақстан Республикасының білікті аудиторы  
2012 жылғы 20 қаңтардағы № МФ – 0000069 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2018 жылғы 3 тамызда берген сериясы № 118015053 Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметті жүзеге асыруға арналған мемлекеттік лицензия

2024 жылғы 20 ақпан  
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

**ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

**2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін**

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 жыл	2022 жыл
<b>Жалғасып жатқан қызмет</b>			
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	4	33.681.665	37.486.006
Іске асырудың өзіндік құны	5	(26.459.749)	(28.577.003)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>7.221.916</b>	8.909.003
Жалпы және әкімшілік шығыстар	6	(3.302.492)	(4.518.399)
Сату бойынша шығыстар		(1.280.874)	(744.687)
<b>Операциялық кіріс</b>		<b>2.638.550</b>	3.645.917
Қаржылық кірістер	7	3.186.770	2.226.618
Қаржылық шығындар	7	(5.659.485)	(6.016.737)
Бағамдық айырмадан шығын		(36.789)	(955.641)
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың (шығындағы)/кірістегі үлесі	12	(3.642.286)	31.586.827
Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болатын шығын, нетто		(8.835.335)	(16.972.569)
Күтілетін кредиттік шығындар резервінің таза ұлғаюы		(881.134)	(101.868)
Басқа да шығындар, нетто	9	(9.663.867)	(2.151.271)
<b>(Шығын)/жалғасатын қызметтен салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>(22.893.576)</b>	11.261.276
Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу	8	(790.669)	421.503
<b>Жалғасатын қызметтен жыл ішіндегі таза (шығын)/пайда</b>		<b>(23.684.245)</b>	11.682.779
<b>Тоқтатылған қызмет</b>			
Тоқтатылған қызметтен бір жылға салық салынғаннан кейінгі шығын	21	–	(156.935.384)
<b>Жыл ішіндегі таза шығын</b>		<b>(23.684.245)</b>	(145.252.605)
Жыл ішіндегі басқа да жиынтық кіріс		–	–
<b>Салықтарды шегергендегі жыл ішіндегі жиынтық шығын</b>		<b>(23.684.245)</b>	(145.252.605)
<b>Мыналарға келетін жиынтық шығын:</b>			
Бас компанияның қатысушысы		(23.853.000)	(144.023.074)
Бақыланбайтын қатысу үлестері		168.755	(1.229.531)
		<b>(23.684.245)</b>	(145.252.605)

Қаржы жөніндегі басқарушы директор



Тайчикенова А.З.

Бас бухгалтер

Такежанова Б.К.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
<b>Активтер</b>			
<b>Айналымнан тыс активтер</b>			
Негізгі құралдар	10	104.223.120	113.965.971
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорынға инвестициялар	12	28.704.273	27.520.635
Өтеу үшін ҚҚС		7.408.814	8.128.114
Айналымнан тыс басқа активтер		230.727	279.632
Сауда және өзге де дебиторлық берешек	11	1.886.921	3.628.055
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты	14	819.711	2.042.391
<b>Айналымнан тыс активтер жиыны</b>		<b>143.273.566</b>	155.564.798
<b>Айналым активтері</b>			
Тауар-материалдық қорлар		3.588.856	4.338.408
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	11	6.328.752	7.911.486
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		11.704	21.930
Өтеу үшін ҚҚС		1.780.705	2.550.720
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты	14	148.319	152.159
Кредиттік мекемелердегі қаражат		51.085	16.443
Инвестициялық бағалы қағаздар	13	1.740.288	–
Басқа да айналым активтері		1.344.426	1.570.167
Ақша қаражаты және олардың баламалары	15	60.111.664	12.797.237
Айналым активтерінің жиыны		75.105.799	29.358.550
Сатуға арналған активтер	21	73.942.834	73.942.834
<b>Активтер жиыны</b>		<b>292.322.199</b>	258.866.182
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	16	322.893.754	262.989.254
Қосымша төленген капитал	16	141.418.599	135.232.478
Жинақталған шығын		(240.255.877)	(213.513.693)
<b>Компания қатысушысына келетін капитал</b>		<b>224.056.476</b>	184.708.039
Бақыланбайтын қатысу үлестері	16	888.550	772.888
<b>Капитал жиыны</b>		<b>224.945.026</b>	185.480.927

## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	18	56.932.532	62.491.309
Кредиторлық берешек	17	–	931
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	8	486.625	460.346
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		760.343	53.054
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиынтығы</b>		<b>58.179.500</b>	63.005.640
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар	18	3.340.302	4.810.245
Кредиторлық берешек	17	2.402.771	3.188.635
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер		97.444	27.425
Басқа қысқа мерзімді міндеттемелер	19	3.357.156	2.353.310
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер жиынтығы</b>		<b>9.197.673</b>	10.379.615
<b>Міндеттемелер жиынтығы</b>		<b>67.377.173</b>	73.385.255
<b>Капитал мен міндеттемелердің жиыны</b>		<b>292.322.199</b>	258.866.182

Қаржы жөніндегі басқарушы директор



*Тайчикенова А.З.*  
Тайчикенова А.З.

Бас бухгалтер

*Такежанова Б.К.*  
Такежанова Б.К.



## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2023 жыл	2022 жыл
<b>Операциялық қызмет</b>			
Сатып алушылардан түсетін ақшалай түсімдер		40.678.950	40.923.022
Алынған пайыздар		2.630.316	1.626.613
Басқа да түсімдер		2.118.579	265.683
Өнім берушілерге ақшалай төлемдер		(20.189.546)	(24.017.544)
Жалақы бойынша төлемдер		(6.470.273)	(6.028.792)
Төленген пайыздар		(870.506)	(21.986.799)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(2.111.714)	(2.819.113)
Корпоративтік табыс салығы		(684.137)	(407.788)
Белгіленген шығарындылардан асып түскені үшін экологиялық айыппұл	9	(7.946.935)	–
Басқа да төлемдер		(1.220.862)	(521.433)
<b>Операциялық қызметтен алынған/( пайдаланылған) таза ақша ағындары</b>		<b>5.933.872</b>	<b>(12.966.151)</b>
<b>Инвестициялық қызмет</b>			
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден түсетін түсімдер	13	19.922.995	–
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	13	(21.664.903)	–
Кредиттік мекемелердегі қаражатты қайтару		1.834.640	5.305.046
Кредиттік мекемелерде қаражатты орналастыру		(1.959.568)	(2.208.549)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсімдер		2.358.938	2.534.349
Басқа да түсімдер		1	366
Негізгі құралдарды сатып алу		(1.415.769)	(13.954.008)
Материалдық емес активтерді сатып алу		–	(542.025)
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорынға салымдар	12	(300.000)	(2.725.000)
Шығып қалған еншілес ұйымның ақша қаражаты	20	(14.097)	(43.537.497)
<b>Пайдаланылған таза ақша ағындары инвестициялық қызмет</b>		<b>(1.237.763)</b>	<b>(55.127.318)</b>
<b>Қаржылық қызмет</b>			
Жарғылық капиталға жарна	16	51.373.662	6.467.479
Алынған қарыздар	18, 24	–	20.926.113
Қарыздарды өтеу	18, 24	(5.614.586)	(9.184.233)
Бас компанияға төленген дивидендтер	16	(2.896.000)	–
Бақыламайтын меншік иелеріне төленген дивидендтер		(23.048)	(38.744)
Басқа да төлемдер		–	(370.512)
<b>Қаржылық қызметтен алынған таза ақша ағындары</b>		<b>42.840.028</b>	<b>17.800.103</b>

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза өзгеруі</b>		<b>47.536.137</b>	<b>(50.293.366)</b>
Айырбас бағамы өзгеруінің ақша қаражатына және олардың баламаларына әсері		4.101	169.665
Күтілетін кредиттік шығындар резервіндегі өзгеріс		(225.811)	64.234
Сатуға арналған активтермен тікелей байланысты ақша қаражаты - кезеңнің басында		–	44.956.959
- кезеңнің соңына		–	–
<b>Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>		<b>12.797.237</b>	<b>17.899.745</b>
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары</b>	15	<b>60.111.664</b>	<b>12.797.237</b>

2023 жылғы 16 қарашада Самұрық-Қазына Топқа жарғылық капиталды ұлғайту есебіне 8.530.838 мың теңге сомасына «Бутадиен» ЖШС бірлескен кәсіпорнындағы қатысу үлесінің 25%-ын берді (16-ескертпе).

Қаржы жөніндегі басқарушы директор

Бас бухгалтер



*Тайчикенова А.З.*  
Тайчикенова А.З.

*Такежанова Б.К.*  
Такежанова Б.К.

## КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	Приходится на участника Материнской компании			Бақыланбайтын қатысу үлестері	Капитал жиыны	
		Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Жинақталған шығын			
<b>2022 жылғы 1 қаңтарға</b>		456.121.775	23.190.560	(237.023.058)	242.289.277	1.877.420	244.166.697
Жыл ішіндегі таза шығын		–	–	(144.023.074)	(144.023.074)	(1.229.531)	(145.252.605)
<b>Жыл ішіндегі жиынтық шығын жиыны</b>		–	–	(144.023.074)	(144.023.074)	(1.229.531)	(145.252.605)
Жарғылық капиталға жарналар	16	6.467.479	–	–	6.467.479	–	6.467.479
Еншілес ұйымдардың шығуы	16, 20	(199.600.000)	110.950.684	186.093.952	97.444.636	–	97.444.636
Қатысушымен жасалатын басқа да операциялар	10, 16, 20	–	1.091.234	(18.561.513)	(17.470.279)	124.999	(17.345.280)
<b>2022 жылғы 31 желтоқсанға</b>		262.989.254	135.232.478	(213.513.693)	184.708.039	772.888	185.480.927
Жыл ішіндегі таза шығын		–	–	(23.853.000)	(23.853.000)	168.755	(23.684.245)
<b>Жыл ішіндегі жиынтық шығын жиыны</b>		–	–	(23.853.000)	(23.853.000)	168.755	(23.684.245)
Жарғылық капиталға жарналар	16	59.904.500	–	–	59.904.500	–	59.904.500
Еншілес ұйымдардың шығуы	16	–	–	–	–	(4.084)	(4.084)
Жарияланған дивидендтер	16	–	–	(2.896.000)	(2.896.000)	(49.009)	(2.945.009)
Қатысушымен жасалатын басқа да операциялар	10, 16	–	6.186.121	6.816	6.192.937	–	6.192.937
<b>2023 жылғы 31 желтоқсанға</b>		322.893.754	141.418.599	(240.255.877)	224.056.476	888.550	224.945.026

Қаржы жөніндегі басқарушы директор


  
 Таймыкенова А.З.

Бас бухгалтер

  
 Такежанова Б.К.



## ГЛОССАРИЙ, ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

Жалғыз қатысушы/ Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС, «SK Ondeu» ЖШС, SK Ondeu, SKO, Компания, Серіктестік	«Samruk-Kazyna Ondeu» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ЕТҰ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
«SK Ondeu» ЖШС компаниялар тобы/ Компаниялар тобы /SKO тобы	«Samruk-Kazyna Ondeu» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және еншілес және тәуелді ұйымдар
ДҚ/БК	Директорлар кеңесі / Байқау кеңесі
АЖЖ/ҚЖЖ	Акционерлердің жалпы жиналысы / Қатысушылардың жалпы жиналысы
«KPI Inc.» ЖШС/ KPI	«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» («Казakhstan Петрокемикал Индастриз Инк.») жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Тараз ХимПарк АЭА БК» АҚ / Тараз ХимПарк АЭА	«Тараз химиялық паркі» БК АЭА" акционерлік қоғамы
«SSAP» ЖШС/SSAP	SSAP жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«ХИМ плюс» ЖШС / ХИМ плюс	ХИМ-плюс жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«KUS" ЖШС / KUS	«Karabatan Utility Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«ҰАТ АЭА БК» АҚ / «ҰАТ» АЭА	«Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы
ТД	Тұрақты даму
ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
ЖСҚ	Жобалау-сметалық құжаттама
ПЭ	Полиэтилен
ІБЖ	Ішкі бақылау жүйесі
ГБҚ	Газ бөлу қондырғысы
GRI	Жаһандық есептілік бастамасы
ГТЭС	Газ турбиналы электр станциясы

## БАЙЛАНЫС:

### «Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС

**Мекенжайы:** Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10-үй, 5-қабат, «Жасыл орам» БО

**Қабылдау бөлмесі:** +7 (7172) 73 71 15

**Кеңсе:** +7 (7172) 73 71 00

**HR:** +7 (7172) 73 71 71

**PR:** +7 (7172) 73 71 85

**Кеңсенің e-mail:** [office@o-sk.kz](mailto:office@o-sk.kz)

**Қауырт желінің e-mail:** [hotline@o-sk.kz](mailto:hotline@o-sk.kz)

**Қауырт желінің телефоны:** 8 800 080 19 94

**Сайт:** [www.o-sk.kz](http://www.o-sk.kz)

### Қаржылық есептіліктің сыртқы аудиторы:

«Grant Thornton» ЖШС

Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 15-үй

БСН 101240004518

Тел.: +7 (727) 311-134

### ЕТҰ-ның байланыстары

#### «SSAP» ЖШС

Ақмола облысы, Степногорск қаласы "SSAP" ЖШС, 6-өнеркәсіптік аймақ, 5-кешен, 021500.

**Кеңсенің e-mail:** [info@ssap.kz](mailto:info@ssap.kz)

**Қауырт желінің e-mail:** [info@ssap.kz](mailto:info@ssap.kz)

#### Телефон:

8 (71645) 7-90-00 ішкі 5000

#### «ХИМ-плюс» ЖШС

Жамбыл облысы. Шу ауданы, Тасөткел ауылдық округі, Тасөткел ауылы, «Тараз химиялық паркі» АЭА, 10 ғимарат, 081127

**email кеңсе:** [info@chemplus.kz](mailto:info@chemplus.kz)

**Қауырт желінің e-mail:**

[hotline@chemplus.kz](mailto:hotline@chemplus.kz)

#### Телефон:

8 (726-43) 6-06-01 ішкі. 150

#### «KUS» ЖШС

Офис: Атырау облысы, Атырау қаласы 060000, Құрманғазы көшесі, 12 Б құрылыс, «Sunkar Tower» БО, 2 қабат.

ГТЭС: Атырау облысы, Атырау қаласы, Атырау-Доссор тас жолы, 295/2 құрылыс

**Кеңсенің e-mail:**

[info@kus.com.kz](mailto:info@kus.com.kz)

#### Телефон:

8 (7122) 76-36-60



## GRI ИНДЕКСТЕРІ

Пайдалану туралы мәлімдеме	SK Ondeu компаниясы 2023 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығында GRI стандарттарына сәйкес есептілікті ұсынды
GRI 1 пайдаланылды	GRI 1: Негіз 2021
Қолданылатын салалық стандарт (стандарттар) GRI	Қолданылмайды

Индикатор	Ашып көрсету	Бөлім/Пікірлер
<b>GRI 2: Компания және оның есептілік тәжірибесі</b>		
2-1	Ұйым туралы мәліметтер	Өсу және даму Жетістіктер мен перспективалар Байланыс
2-2	Ұйымның тұрақты даму саласындағы есептілігіне енгізілген субъектілер	Активтердің құрылымы Жетістіктер мен перспективалар
2-3	Есептілік кезеңі, жиілігі және байланыс тұлғасы	Есеп туралы Байланыс ақпараты Тұрақты даму
2-4	Ақпаратты қайта қарау	Жетістіктер мен перспективалар
2-5	Сыртқы сенімділік	Есеп туралы Тұрақты даму
<b>GRI 2: Компанияның қызметі және оның қызметкерлері</b>		
2-6	Компанияның қызметі, құнды құру тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар	Бизнес-модель Өсу және даму
<b>GRI 2: Компанияның қызметі және оның қызметкерлері</b>		
2-7	Қызметкерлер	Кадрлық және әлеуметтік саясат
2-8	Ұйымның қызметкерлері болып табылмайтын жұмыскерлер	Кадрлық және әлеуметтік саясат
<b>GRI 2: Корпоративтік басқару</b>		
2-9	Басқару органдарының құрылымы мен құрамы	Тиімді басқару
2-10	Жоғары басқару органына кандидаттарды ұсыну және іріктеу процесі	Байқау кеңесі
2-11	Жоғары басшы органның төрағасы	Тиімді басқару Байқау кеңесі
2-12	Әсерлерді басқаруды қадағалауды жүзеге асырудағы жоғары басқарушы органның рөлі	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
2-13	Әсер етуді басқару жауапкершілігін табыстау	Тиімді басқару Бизнес этика

Индикатор	Ашып көрсету	Бөлім/Пікірлер
2-14	Жоғары басқарушы органның тұрақты даму саласындағы есептіліктегі рөлі	Байқау кеңесі
2-15	Мүдделер қақтығысы	Бизнес этика және комплаенс Жалғыз қатысушы Қосымша
2-16	Жоғары басшылықты алаңдаушылық тудыратын маңызды мәселелер туралы хабардар ету	Бизнес этика және комплаенс
2-17	Жоғары басшылық органның ұжымдық хабардарлығы	Тиімді басқару Байқау кеңесі
2-18	Жоғары басшы органның қызметін бағалау	Байқау кеңесінің бағасы
